



БАЗАРДАҒЫ БАҒАҒА БАҚЫЛАУ БОЛА МА?

7

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



АЛМАТЫ ҚАУІПСІЗ МЕКЕНГЕ АЙНАЛУЫ ТИІС

Қоғамдық тәртіп –
басты назарда

11

СПОРТ



Қазақ хоккейі: КҮНГЕЙІ МЕН КӨЛЕҢКЕСІ

12

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ЮНЕСКО: Қазақтың ежелгі салттарының бірі – Беташар Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне енгізілді.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖҮЗ ЖАҢА АВТОБУС

мектеп оқушыларының қауіпсіздігі үшін қызмет көрсетеді

Алматы қаласының Мәслихаты мектеп оқушыларының қауіпсіздігі үшін қызмет көрсетуді бастаған «Мектеп автобусы» жобасын тағы да бір пысықтап, 2025 жылы тағы 100 мектеп автобусын сатып алуды жоспарлап отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қалалық Мәслихаттың баспасөз қызметінің хабарлауынша, кезекті сессияда 2025–2027 жылдарға арналған бюджеттің тиісті жобасы қаралып, «Мектеп автобусы» жобасы жалғасатын болды.

Жалпы, «Мектеп автобусы» жобасы Қазақстанда алғаш рет 2023 жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша іске қосылған болатын. Жобаның екінші кезеңі аясында ағымдағы жылы оқушыларды тасымалдау үшін қосымша 100 автобус сатып алынды. Дәл қазір қолданыстағы 200 автобус қаламыздағы 51 мектептің 9 мыңнан астам баласын тасымалдап жүр. Сәтін салса, келесі жылы тағы 100 автобус қосылатын болды.



Сонымен, сары түсті мектеп автобустары шалғай және жету жолы қиын аудандарда тұратын балалар оқитын мектептерден өтінімдер түскен сайын маршруттарға шығуын бастайды. Бұл – мектеп автобустарының басты басымдықтарының бірі.

Бұған қоса, әр мектептің оқушыларын тасымалдауды қамтамасыз ету үшін егжей-тегжейлі маршруттық парақтар әзірленіп, қаржыландыру мәселесі қаралды. Жақын уақытта мектеп автобустарының саны 300-ге дейін артатын болады.

Almaty AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №103 (6554) 6 желтоқсан, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

САРАПТАМА

Азық-түлік қауіпсіздігі:

ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

Алматы әкімдігі тұрғындарды сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етудің тиімді жүйесін енгізген



Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету – кең ауқымды жүйелі жұмысты талап ететін сала. Заманауи әскер мен инновациялы қорғаныс техникаларынан бөлек, мемлекет экономика, экология, саяси, ақпараттық және азық-түлік бағыттары бойынша тәуелсіз, қорғанышы айбарлы болуы шарт. 2050 жылға қарай әлем халқының саны 9,7 миллиардқа жетеді деп болжануда.

Сәйкесінше, аталмыш кезеңге дейін азық-түлік өндірісін 60%-ға арттыру көзделген. Аталмыш межеге жете алмау жаһандық азық-түлік дағдарысына негіз болады. БҰҰ-ның дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы 2025 жылы аштықтан зардап шегетін азаматтар саны 343 миллионға жетпек деп дабыл қағуда. Түрлі геосаяси өзгерістер барысында, мың құбылған халықаралық логистикалық кідірістер қарсаңында азық-түліктің қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады? Еліміздің, Алматының азық-түлік қажеттілігін қамтамасыз етудегі әлеуеті қандай? ХХІ ғасырда адамзаттың басты мәселесіне айналған азық-түлік қауіпсіздігінің мән-жайын талқылап көрелік.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

6.12.2024

Түнде:



-2-4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

7.12.2024

Түнде:



-2-4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

8.12.2024

Түнде:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Күндіз:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

www.aqshamnews.kz



ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕМОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІ
заң мен тәртіпті орнату құралы

2024 жылдың 5 маусымында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің «Бірлік пен даму: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының басты негіздері» атты мақаласы «Егемен Қазақстанда» жарық көрді. Онда мемлекеттік идеология мәселелері мен Президентіміздің саяси бағдары жайлы сөз қозғалған. Әсіресе, «Әділетті Қазақстан» идеясының бес тұжырымы қоғамда ерекше талқыға түсті. Соның ішіндегі үшінші тұжырымы «Заң мен тәртіп» деп аталады.

ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН
ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТІЛЕРІН
АЗАЙТАДЫ

Мемлекеттік кеңесші «Заң мен тәртіп» әділдік орнатудың әдіс-тәсілдерін айқындайды, яғни «Әділдікті қандай жолмен орнатамыз?» деген сауалға жауап береді. Шынымен де, ортақ заң мен тәртіпті ешкім сақтамаса мемлекетте анархия пайда болады.

Осы орайда мынадай сұрақ туындайды: Заң мен тәртіпті қалай орнатамыз?

Мемлекетте заң мен тәртіпті орнатудың бірнеше тәсілдері бар. Олар саяси-құқықтық өзгерістерді жүзеге асырудан көрініс табады. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Қоғамда құқық бұзушылықтар түрлі объективті және субъективті себептермен жасалады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, бейнемониторинг жүйесін енгізу де осындай тәсілдердің бірі екенін түсінеміз.

Қазір, әсіресе, автокөлікті жүргізушілер көшеде камералардың көптігіне наразы екені жасырын емес. Олардың басты аргументі айыппұлдар көбейді дейді. Айыппұл жол қозғалысы ережесін бұзған соң беріледі. Сонымен қатар, мынаны түсінген абзал. Бейнебақылау жүйесі тек жол қозғалысы ережелерінің бұзылуынан қорғап қана қоймай, жемқорлық фактілерін де азайтады. Сондықтан азаматтар заң мен тәртіпті сақтауға дағдылануы тиіс.

АЛМАТЫДА ОҢ ТӘЖІРИБЕ
ҚАЛЫПТАСТЫ

Бейнемониторинг жүйесін енгізуде Үкімет біршама ілгеріледі. Биыл 20 қарашада Қазақстан Рес-

публикасының Ішкі істер министрлігі «Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің» еліміздің екі қаласында іске қосылғаны туралы хабарлаған еді. Олар Алматы және Астана қалалары. Қазір бұл бағытта Алматыда оң тәжірибе қалыптасты.

Аталмыш жобаны Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бірлесе әзірледі. Мұндай жүйелер әлемнің көптеген елдерінде қолданылады. Олардың қатарында Қытай, Ресей және Еуропа елдері бар.

«Ұлттық бейнемониторинг жүйесі» жасанды интеллект технологияларын қолданады. Ол іздеудегі адамдарды тануға, қоғамдық орындарда қалдырылған заттар туралы сигнал беруге, құқық бұзушылықтарды автоматты режимде тіркеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, компьютерлік бағдарлама көлікті маркасы, моделі және түсі бойынша сәйкестендіре алады.

Министрліктің мәліметінше 1 млн 359 мың бейнекамера бар. Оның 310 мыңы жедел басқару орталықтары және полицияның кезекші бөлімдеріне орнатылған.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУДЫ
ЖҮЙЕЛЕНДІРҮДІҢ
МАҢЫЗЫ ЗОР

Жоғарыдағы жүйенің көмегімен Алматыда іздеуде жүрген 30 құқық бұзушы жедел түрде анықталып ұсталған.

Ішкі істер министрлігінің ресми ақпаратына дейін, 28 қазанда Алматы қаласы әкімдігі «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» (ББЖ) туралы



(Дереккөз: ҚР ІІМ).

КЕРЕК ДЕРЕК

- Алда болатын Мәслихат сессиясында 2025–2027 жылдарға арналған бюджет жобасы қаралмақ.
- 2025 жылы Алматыда цифрлық жобаларды дамытуға 16,3 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр.
- «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешендерінің жұмысы нәтижесінде мегаполисте жол-көлік оқиғаларының саны 17%-ға, ал жол апатынан қаза тапқандар саны 40%-ға азайған.
- Қазіргі уақытта қалада осындай 1641 кешен жұмыс істейді. Биылғы жылдың 9 айында Алматыда 3 млн-нан астам құқықбұзушылық тіркелген, оның ішінде 18,7 млрд теңгеден астам айыппұл бюджетке өндірілді.
- Алматыда «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» жобасын іске асыру аясында жүйеге 45,2 мың бейнекамера қосылған, олардың ішінде 616 мемлекеттік және 240 жеке нысан бар. Келесі жылы олардың саны 70 мыңға дейін артады.

ақпарат таратты. Бұл қаланың бейнемониторинг жүйесін енгізуде өзге өңірлерге қарағанда ілгері кеткенінің белгісі. Берілген ақпаратқа сүйенсек, бұл жүйеге қала бойынша 45 мың камера қосылған көрінеді. Оған мемлекеттік қана емес, жеке нысанның да камералары қосылуда. Қазір ББЖ-ға 603 мемлекеттік және 906 жеке нысанның камераларын қосу үдерісі жүруде.

Аталмыш жобаның мақсаты қаладағы барлық бейнебақылау камераларын бір платформаға біріктіріп, түрлі тапсырмаларға арналған бейнеағындарды көп мәрте пайдалану және нақты уақыт ре-

жимінде бейне талдауды жүзеге асыру. Бұл қаладағы қылмыс деңгейінің алдын алып, сондай-ақ қылмыс фактілерін анықтау үдерісін жеңілдетеді. Бұған дейін бәрі шашыраңқы, бірізділік болған жоқ. Қаладағы бейнебақылауды жүйелендіру заң мен тәртіпті орнатуға оң әсер етеді.

Жобаны қалалық Цифрлық даму басқармасы мен Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесі жүзеге асырады. ББЖ-ға сонымен қатар жол қозғалысы ережелерінің сақталуын бақылайтын камералар да кіреді. Олар халыққа, әсіресе, автокөлік сүйер қауымға таныс

«Сергек» камералары. Ресми ақпаратқа сүйенсек, биыл екінші тоқсанда «Сергек» зияткерлік қауіпсіздік жүйесінің 300 аппараттық-бағдарламалық кешені орнатылған. Бүгінде жалпы қалада 9034 бейнекамерадан тұратын 1641 «Сергек» кешені жұмыс істеп тұр.

Алматы қаласы Мәслихатының баспасөз қызметі таратқан хабарламаға сүйенсек, «жобаның негізгі мақсаты – қаланың барлық бейнебақылау камерасын біріктіру үшін бірыңғай платформаны енгізу. Бұл бейнеағындарды нақты уақыт режимінде талдауға және оларды түрлі міндеттер үшін пайдалануға болады.

Жасанды интеллект алгоритмдері адамдардың топталуын анықтауға, олардың мінез-құлқын талдауға, төбелес, күдікті заттар, адамдар мен көліктерді іздеуге, сондай-ақ өрт пен түтінді тануға мүмкіндік бермек. Келесі жылы коммуналдық қызметтер мен қалалық сервистердің мәселесін шешуге бағытталған жаңа бейнеаналитика түрлерін іске қосу жоспарланған. Олар қоқыс таситалған аймақтарды анықтау, қоқыс контейнерлерінің толу деңгейін бақылау, қоғамдық орындар мен көшелердегі су басу деңгейін бақылау, бұралқы жануарларды анықтау және тағы басқа мәселені қамтиды. Азаматтар көп жиналатын орындарда «Бейнемониторинг жүйесі» жобасы аясында биылғы жылдың соңына дейін 6 мың камера орнатылады.

Бұған қоса, бюджеттен бөлінген қаражаттың бір бөлігі қаланың барлық қызмет белсенділігін онлайн-режимде бақылауға мүмкіндік беретін Қалалық ахуалдық орталықты одан әрі дамытуға жұмсалмақ».

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ЭКОНОМИКА

Азық-түлік қауіпсіздігі:

ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

Алматы әкімдігі тұрғындарды сапалы азық-түлікпен
қамтамасыз етудің тиімді жүйесін енгізген

(Басы 1-бетте)

- Азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз – бұл азаматтардың физикалық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда қажеттіліктері қамтамасыз етуге жеткілікті, тағамға қол жеткізу мүмкіндігі.
- Климаттың өзгеруі, халық санының өсуі, аймақтардағы тұрақсыздық стратегиялық тұрғыда әлемде азық-түлік тапшылығын қалыптастырып отыр.
- Алматы қаласының елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуде әлеуеті жоғары. Алматы қаласы 2023 жылы республика бойынша қажетті 15% ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Халықты сапалы және қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету – кез келген мемлекет үшін стратегиялық мәселе. Жаһандық

азық-түлік қауіпсіздігі индексі бойынша Қазақстан 2022 жылы 113 мемлекет ішінен 32-орынға ие болды. Соңғы жылдары елімізде үкімет тарапынан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ішкі өндірісті арттырып, импортқа тәуелділікті төмендету мақсатында ауыл шаруашылығына арналған инвестициялық жобалар мен субсидияларға жүйелі көңіл бөлінуде. Бұл салаға 2023 жылдың өзінде 1,2 триллион теңге бөлінген.

Алайда, еліміздегі маусымдық құрғақшылық, күз мезгілдерінде алқаптарда қоймалардың жеткіліксіздігі, ауыл шаруашылығы саласының цифрлық форматқа толықтай бейімделе алмауы сынды мәселелер бүгінде еліміздің аграрлық әлеуетін толық пайдалана алмауына негіз болып отыр.

Халықаралық тәжірибеде азық-түлік қауіпсіздігі елдің астық өндірісі және қор көлемі бойынша бағаланады. Қазақстанның жайлы климаттық белдеуде орналасуы және ауылшаруашылығы бағытына жарамды қажетті жер көлемінің болуы ішкі сұранысты қамтамасыз

етуден 3 есе жоғары екендігі белгілі. Тіпті, мал және егін шаруашылығы бағыттары бойынша алғашқы бестікке кіретініміз ақиқат. Жыл сайын әлемде азық-түлікке деген сұраныстың артуы қарсаңында, еліміздің аталмыш саладағы әлеуетінің маңызы тұтас әлем жұрты үшін өзекті болып отыр.

ТИІМДІ ЖҮЙЕ, НАҚТЫ
ЖОБАЛАР

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, Алматы қаласына күн сайын 30 000-нан аса азамат еліміздің өзге өңірлерінен, көршілес республикалардан және алыс, жақын шет елдерден білім алуға, жұмыс жасауға келеді. Жыл сайын бұл көрсеткіш тек арта бермек. Сәйкесінше, Алматы қаласында халық саны жоғары қарқынмен артуда. Жоғары миграциялық көш барысында қала әкімдігі тұрғындарды сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етудің тиімді жүйесін енгізген. Апта сайын ұйымдастырылып келе жатқан азық-түлік жәрмеңкелері мен арнайы әлеуметтік дүкендердің жұмыс жасауы,

қоғамда ерекше қолдауды қажет ететін топтар үшін өте маңызды болып отыр.

Алматының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету әлеуеті қаланың жалпы экономикалық көрсеткіштеріне байланысты. Іскерлік белсенділік индексі қыркүйек айында 53,4%-ға жеткен еді. Бұл дегеніміз, қала кәсіпкерлер үшін жайлы, инвестициялық әлеуеті жоғары дегенді білдіреді. Сәйкесінше, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлер үшін алқымды идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жайлы орта қалыптасқан.

НЕГІЗГІ САЛАЛАРДА –
ОҢ ДИНАМИКА

2024 жылы Алматы экономикасының жалпы өңірлік өнімі (ЖӨӨ) 3,5%-ға өсті, бұл республикалық орташа көрсеткіштен (3,2%) жоғары. Экономикалық өсімнің негізгі драйверлері ретінде көлік (+21,6%) және құрылыс (+11%) салалары көш бастап тұр. Азық-түлік өнеркәсібін қалпына келтіру саласы ерекше назарда. 2024 жылдың

тоғыз айының қорытындысы бойынша азық-түлік өндірісінің индексі қаңтар айындағы 84,6%-дан 89,3%-ға дейін, ал сусын өндірісі 56,9%-дан 91,3%-ға дейін өскен. Бұл – қаланың азық-түлік қауіпсіздігімен байланысты негізгі салаларындағы оң динамиканы көрсетеді.

Алайда, Алматының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің өнімдерін қайта өңдеп, республикаға тарату бойынша, әрі егін және мал шаруашылығы саласында инновациялық шешімдер ұсынуға маңызы мен әлеуеті толық пайдаланылмауда. Қалада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары: жергілікті өндірісті дамыту, импортқа тәуелділікті азайту және азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды күшейту. Алматының географиялық орналасуы және аграрлық сектордың даму әлеуеті бұл міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.
«Тұран»
университеті.



ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Алматының нақты секторы – қала экономикасының маңызды бөлігі. Оған өнеркәсіп, құрылыс, көлік және логистика, сондай-ақ ауыл шаруашылығы салалары кіреді.

Газетіміздің өткен нөмірлерінің бірінде әр салаға жеке-жеке тоқталып, тарқатып жазуды уәде еткенбіз. Бүгін біз қала экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз етіп, жұмыс орындарын құруға және аймақтық ЖІӨ-ні арттыруға ықпал етіп отырған салалардың бірі – құрылыс саласына, оның ішінде тұрғын үй құрылысына тоқталғанды жөн көріп отырмыз.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

сапалы және заманауи баспанаға сұранысты арттырады

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ТАЛАПТАРҒА САЙ

Алматыдағы тұрғын үй құрылысы қала экономикасының ең белсенді дамып жатқан салаларының бірі. Сарапшылардың айтуларына, бұл саланың қарқынды дамуына мегаполисте халық санының өсуі, урбанизация, сондай-ақ, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға деген сұраныс негіз болып отыр.

Иә, бүгінгі Алматы мен бұрынғы Алматыны салыстырсақ, өзгеріс жер мен көктей. Бүгінгі ұрпақ бұл әсем қаланың бұрынғы келбетін шаң басқан архивтердегі кітаптар мен басылмалардан ғана көрмек. Мәселен, бұрынғы Алматы табиғи сұлулығы мен тыныштығымен ерекшеленсе, бүгінгі Алматы – үлкен қала өмірінің динамикасы мен заманауи сәулеттің үйлесімімен өзгеше. Кеңес дәуіріндегі Алматы жоспарлы әрі төмен қабатты нысандары көп қала болса, қазіргі Алматы әйнекпен қапталған бизнес-орталықтар, сауда және ойын-сауық кешендері көп, зәулім ғимараттарға толы заманауи мегаполиске айналды. Заманауи талаптарға сай құрылыстар энергия тиімділігі мен экологиялық стандарттарға ерекше назар аударуда. Нәтижесінде ақылды технологиялармен жабдықталған «smart» үйлердің саны артып келеді.

ХАЛЫҚ КӨП,
СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Қазір де қалада көпқабатты тұрғын үйлер көптеп салынып жатыр. Бұл үрдіс соңғы жылдары айтарлықтай байқалып отыр. Егер Алматыға неліктен тұрғын үй көп салынады десек, оған бірнеше фактор себеп бола алады. Ең бірінші, халық санының өсуі.

Алматы – Қазақстанның ең ірі қаласы болып есептелетін мегаполис, экономикалық, мәдени және білім беру орталығы саналады. Сондықтан қалада ішкі көші-қон қарқынды жүруде. Мәселен, жыл сайын шаһарға жұмыс істеу-

ге, оқуға және өмір сүруге мыңдаған адам келеді. Бұл, әлбетте, тұрғын үйге деген сұранысты арттырады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ТАРТЫМДЫЛЫҚ

Еліміздің урбанизация процесі барысында Алматы тұрғындарының саны ұдайы өсіп келеді. Бүгінде қаланың орталық бөлігінде бос жерлердің шектеулі болуы салдарынан құрылыс қаланың шеткі аудандарына ауысып жатыр. Қазір қала шекарасы кеңейіп, алып шаһарға Алатау, Наурызбай секілді жаңа аудандар қосылды. Алматы агломерациясы дамуы нәтижесінде қала маңындағы елдімекендерде де тұрғын үй құрылысы инвестиция үшін тартымды бола бастады.

Алматының тұрғын үй құрылысына инвестиция салу – Қазақстандағы ең тиімді және танымал инвестициялық бағыттардың бірі. Қала экономикалық, мәдени және іскерлік орталық болғандықтан, оның тұрғын үй нарығы жоғары сұранысқа ие. Бұл құрылыс саласына және жылжымайтын мүлікке салынған инвестициялардың тартымдылығын арттырады.

Мегаполистің тұрғын үй құры-

лысына инвестициялаудың себептері, біріншіден, жылжымайтын мүлікке тұрақты сұраныстың артуы, екінші, қаладағы халық санының өсуі (жыл сайынғы көпші-қон және табиғи өсім) тұрғын үйге тұрақты сұраныс тудырады. Одан кейін тұрғын үй сатып алу тек баспана қажеттілігін қанағаттандыру емес, сонымен қатар актив ретінде қарастырылады.

Бағаның өсуі де инвестицияға тартымдылықты арттырады. Неге десеніз, жылжымайтын мүлік нарығында жыл сайынғы бағаның өсімі байқалады. Бұл құбылыс жылжымайтын мүлікке инвестиция жасауды тиімді ете түседі. Бұған қоса, қалада жаңа құрылыстардың бағасы құрылыс сапасына, инфрақұрылымға және орналасқан ауданына байланысты өсіп отырады.

Қорыта айтсақ, Алматыдағы тұрғын үй құрылысына инвестиция салу тиімді және табысты сала болып табылады. Алайда, бұл нарықта табысты болу үшін құрылыс компаниясын, инвестициялық аймақты және нарықтағы жағдайды мұқият талдау қажет. Жоспарлы және сараланған тәсілмен Алматыдағы жылжымайтын мүлік нарығы тұрақты табыс пен активтің құнын арттырудың тамаша құралы бола алады.

МЕМЛЕКЕТТЕН
ҚОЛДАУ БАР

Бүгінде қала тұрғындары мемлекет тарапынан «Нұрлы жер», «Бақытты отбасы», «7-20-25» секілді бағдарламалар арқылы халыққа қолжетімді тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін арттырып келеді. Мұндай бағдарламалар сұранысты арттырып, құрылыс саласының дамуын ынталандыра түседі. Әлеуметтік осал топтарға, жас отбасыларға және көпбалалы аналарға, жастарға арналған тұрғын үй жобалары бар. Бүгінде алматылықтарға Отбасы банкі және басқа да ипотекалық механизмдер арқылы тұрғын үй сатып алуға қолдау көрсетіледі.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша қалада «Алматы жастары» бағдарламасын қаржыландыру жалғасын тауып отыр. Бұл ретте аталмыш бағдарламаға қосымша 1,4 млрд теңге бөлінбек. Бұл туралы Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясы барысында Қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков мәлімдеді.

Алматы қаласының бюджетін нақтылау шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы азаматтар үшін әлеуметтік көмек көлемі ұлғайтылды:

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Алтынай ЕРЛАНҚЫЗЫ,
М.Базарбаев атындағы
№138 гимназияның
бейіндік жұмыстары жөніндегі
орынбасары:

Жастарға қамқорлық көп

Қазір қалада көпқабатты тұрғын үйлер көбейді. Ескі үйлерді бұзып, олардың орнына жаңа заманауи кешендер бой көтеруде. Тағы бір қуанатын жайт, кейінгі салынып жатқан үйлер халықаралық стандарттарға сай мектеп, балабақша, саябақтар секілді инфрақұрылымдық объектілермен бірге салына бастады. Мұндай жаңашылдық қала тұрғындарының жайлы әрі қауіпсіз ортада өмір сүруіне мүмкіндік беріп отырғанын көрсетеді деп ойлаймын. Биыл «Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасымен мен де 1 бөлмелі пәтердің иесі атандым. Өз басым мұны жастарға жасалып жатқан қамқорлық деп білемін. Қала билігі мен сала мамандарына алғыс айтамын!

Айнагүл
ЕРКЕШОВА,
Алматы
қаласының
тұрғыны:

Қуанышымда
шек жоқ

Көпбалалы ана ретінде 2005 жылдан бері пәтер кезегінде тұрдым. Міне, жақында Наурызбай ауданына қарасты «Шұғыла» ықшамауданының тұрғыны атанып, баспаналы болдым. Балаларым да, өзім де дән ризамын. Қуанышымызда шек жоқ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен 2024 жылы қаладағы коммуналдық тұрғын үй қорынан 2000 жалдамалы пәтер бөлінген болатын. Бірінші жартыжылдықта Наурызбай мен Медеу аудандарында 1080 отбасы жалдамалы тұрғын үйден пәтер иеленді. Қараша айында тағы 920 алматылыққа кілт табысталып, олар Наурызбай ауданындағы жаңа пәтерлерге қоныстанады.

Мәселен, 1 қарашада пәтер кезегінде тұрған – 201 тұрғынға, 5 қарашада – 200 тұрғынға, 7 қарашада 175 қала тұрғындарына пәтер кілттері табысталды. Ал 15 қарашада әлеуметтік осал топқа жататын 124 алматылық қоныс тойын тойлады. Баспаналарыңыз құтты болсын!

585 млн теңге аудандық әкімдіктерге азаматтарға үйде әлеуметтік қолдау көрсетуге, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдауға бөлінеді.

Қанат Сухамбеков атап өткендей, «Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасын қаржыландыру үшін бюджеттен қосымша 1,4 млрд теңге бөлінеді.

Бұл, оның айтуынша, әлеуметтік, құқық қорғау, коммуналдық және басқа да салаларда еңбек ететін жас азаматтар үшін қосымша 80 ипотекалық қарыз беруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін ішкі істер органдарының 2510 қызметкеріне жергілікті бюджеттен қосымша 2,5 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

МӘСЕЛЕ ДЕ БАР,
ҚИЫНДЫҚ ТА ЖОҚ
ЕМЕС

Тұрғын үйдің шаршы метріне баға тұрақты түрде өсуде, бұл тұрғындардың белгілі бір бөлігі үшін тұрғын үйді қолжетімсіз етеді. Құрылыс материалдары мен жұмыс күшінің қымбаттауы осы тенденцияға ықпал етуде. Алматының орталық аудандарында тұрғын үйдің көптеп салынуы көлік тығынының ұлғаюына және жасыл аймақтардың қысқаруына алып келуде. Құрылыс қарқынының артуы экологиялық жүктемені күшейтеді, бұл Алматының экологиялық ахуалына кері әсерін тигізбей қоймайды. Инфрақұрылымның жетіспеушілігі де қиындық туындатады. Мәселен, жаңа аудандарда инженерлік желілер мен әлеуметтік инфрақұрылымдардың дамуы құрылыс қарқынынан кейін қалып келеді.

Қорыта айтқанда, Алматыдағы тұрғын үй құрылысы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып қала береді және бұл сала одан әрі өсуі мен жаңғырту әлеуетін жалғастыра түседі.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕГАПОЛИСТЕ ӨМІР СҮРУ
2025–2027 жылдарға арналған бюджет

Тұрғындардың мүдделерін қорғап, қаланың даму бағдарламаларын бекітумен, жергілікті бюджет пен нормативтік-құқықтық актілерді қабылдаумен айналысатын Алматы қаласы Мәслихаты жақында мегаполистің 2025–2027 жылдарға арналған бюджетін бекіту жобасын қарайтын болады. Төменде қала Мәслихатының баспасөз қызметі ұсынған Алматының әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қоғамдық өмірін дамытуға бағытталған жоспарлар туралы ақпараттарын назарларыңызға ұсынып отырмыз.



Қала бюджетінің басым бөлігі әлеуметтануға бағытталады

2025 жылы алдын ала ақпарат бойынша Алматы бюджетінің 41%-ын әлеуметтік салаға бағыттауды жоспарлап отыр. Мегаполистің алдағы жылғы бюджет жобасында әлеуметтік салаға 806,1 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр. Бұл алдын ала ақпарат бойынша қала бюджеті шығыстарының 41%-ын құрайды. Әлеуметтік саланы қаржыландыруды ұлғайтудың болжамды өсуі 8,7%-ды құрайды. 2024 жылы әлеуметтік салаға 741,2 млрд., 2023 жылы 664,5 млрд бағытталды.

Мәслихаттың алдын ала ақпараты бойынша, денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртуды қаржыландыру 2025 жылы 2,6 есеге – 69,4 млрд теңгеге дейін ұлғаяды. Сондай-ақ, 1326 дәрігер мен медициналық персоналды оқытудың үш деңгейлі бағдарламасы іске асырылады. Жаңа бюджеттен қаражаттың бір бөлігі Бостандық ауданында 500 адам қабылдайтын №4 жедел медициналық жәрдем қосалқы станциясының, екі отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның және жаңа емхананың құрылысын аяқтауға бағытталады. Қалалық медициналық мекемелер қажетті дәрі-дәрмектермен және жабдықтармен, оның ішінде вакциналармен және иммунопрофилактикалық препараттарымен қамтамасыз етілетін болады. Сирек кездесетін аурулары бар 4 мыңнан астам пациент тегін дәрі-дәрмектермен қамтылады.

2025 жылы жедел жәрдемнің автопаркін жаңарту жалғасады, ол үшін 50 автокөлік сатып алу жоспарлануда. Сонымен қатар, 2024-2025 жылдары 20 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өтеді, оның ішінде он нысанды 2025 жылы аяқтау жоспарланып отыр және 30 жаңа және ескі денсаулық сақтау нысандарын жобалау жұмыстары жалғасуда.

200 электроавтобус пен 600 автобус

Қала үшін негізгі бағыттардың бірі көлік инфрақұрылымын дамыту болып қала береді. Мәселен, бюджетте алдын ала ақпарат бойынша 300 км жолға орташа жөндеу жүргізуге, 30 км тротуарларға, аялдама қалталары мен алаңдарына, сондай-ақ басқа да көлік құрылыстарына 35,8 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

Экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында қалалық қоғамдық көлікті жаңарту бойынша жұмыстар жалғасатын болады. 2025 жылға арналған бюджет жобасында газбен жүретін 600 автобус пен 200 электроавтобус сатып алу жоспарланған.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы аясында қалаға қосылған аумақтардағы «Жас қанат», «Шұғыла», «Әлмерек», «Ақжар», «Рахат», «Мәдениет», «Боралдай» шағынаудандарында жол құрылысы жалғасады. Жаңа жолдарды салу қалаға қосылаған аумақтардағы 70 мыңнан астам тұрғынды қамти отырып, көлік қызмет көрсетуді едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

2025 жылы Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесінің қиылысында және Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін, Абай даңғылының қала шекарасына дейінгі жолайықтарының құрылысын аяқтау жоспарланған.

«Алма-Арасан» радон көзі жаңғыртылады

Алматы қаласы Мәслихаты алдағы сессияда Үлкен Алматы шатқалының ең көрнекті нысандарының бірі – «Алма-Арасан» радон көзін реконструкциялауды жоспарлап отыр.

Бірегей емдік қасиеттерімен танымал орын туристер мен қала тұрғындарын, қазақстандықтарды ғана емес, шетелдіктерді де өзіне тартады. Қазіргі инфрақұрылымның жағдайына, қолайсыздықтар мен тәуекелдерге байланысты қала тұрғындары мен туристердің көптеген шағымдарына жауап ретінде кешенді жаңарту туралы шешім қабылданды.

Радон көзін соңғы жөндеу 2019 жылы жүргізілді, содан бері оның инфрақұрылымы жайлылық пен қауіпсіздіктің заманауи стандарттарына сәйкес келу үшін реконструкциялауды қажет етеді.

Абаттандыру жобасы инфрақұрылым объектілерін толық реконструкциялауды көздейді. Негізгі іс-шаралардың қата-

Тазалық сапасы бақылауда

Алматыда аумақтарды санитарлық тазалауға бақылау күшейтілді. Тазалық апталығы кезінде «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында қыс мезгіліне дайындық мақсатында қалада көшелер мен қоғамдық кеңістіктерді жаппай тазарту өтті. Аула аумақтарына ерекше назар аударылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Белгілісі, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша үй ішіндегі аумақтар аудан әкімдіктерінің қаражаты есебінен жиналады. Бұған дейін ПИК тазалаушыларының сапасыз жұмысы мәселе болып, оған тұрғындар үнемі шағымданған. Аудан әкімдігінің бұл жұмысқа қаражаты болмады. Сонымен қатар, мүлік иелері мен қарапайым серіктестіктердің бірлестіктерін құру кезінде үй ішіндегі аумақтар іс жүзінде иесіз қалған кезде құқықтық вакуум пайда болды.

Бүгінде жағдай жақсы жаққа өзгерді. Енді көшелер, саябақтар мен аулалардың тазалығына жауапты мердігерлер өз міндеттерін дұрыс орындамағаны үшін қатаң жауап береді. Бостандық ауданының әкімі Санжар Алин атап өткендей, тазалау сапасын бақылау үшін ОСИ және ПИК төрағалары, сондай-ақ мессенджерлер арқылы аудан тұрғындарымен кері байланыс жүйесі қолданылады.

«Егер мердігерлер өз міндеттемелерін орындамаса, біз жедел әрекет етеміз. Алдымен учаске бастығына, содан кейін ұйымның өзіне айыппұл саламыз. Егер жағдай түзетілмесе, біз шартты сот арқылы бұзамыз. Сотқа дейінгі хат жіберілген мердігер бар», – деді аудан әкімі.

Жалпы, Бостандық ауданында аумақтарды жинау жүйесі негізде жүргізіледі. Осылайша «Stamp Service» ЖШС жалпы ауданы 309,7 га болатын 4 саябақты, 13 скверді, 9 бульварды, бөлу жолақтарын, қоғамдық пайдалану орындарын, Үлкен Алматы және Есентай өзендерінің жағалауларын және көлік айрықтарын тазалау және күтіп ұстау жұмыстарын жүргізуде.

«Алматы Тазалық» КМК-мен аудан аумағы шегінде жалпы ұзындығы 272,9 км 6 көлік жолайығы, 263 көше мен өтпе жолдың жол төсемін тазалау жүргізіледі. Бұдан басқа, ауданы 456 678 ш. м. 180,9 км тротуарларды механикаландырылған және қолмен тазалау жүргізіледі. 7 бірлік арнайы техника, 28 жұмысшы жұмылдырылды.

«Еуразияказинвест» ЖШС 7 жерүсті және 12 жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерін күтіп ұстауды жүзеге асырады. Аулаларды күтіп ұстаумен, «АБС-ЛД Строй» ЖШС, «Аван Құрылыс» ЖШС, «Алматы дормеханизация» ЖШС, «Senim Group Construction» ЖШС сияқты ауданның мердігерлік ұйымдары күн сайын 670 аулаишілік аумақты санитарлық тазалаумен айналысады.

Сонымен қатар, Алматы қаласы коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Жанат Жақыпбектің ақпараты бойынша, күндізгі кезеңде техниканың көшелерді тазалауға шығуы 600-ге жуық бірлікті және 800 жол жұмысшысын, түнгі ауысымда 220 бірлік техниканы және 250-ге дейін жол жұмысшысын құрайды. 9 мердігер ұйымның күшімен «Алматы тазалық» МКК-мен басқа жалпы ұзындығы 2,7 мың км-ден асатын 2318 көшеден санитарлық тазалау жүргізіледі. Қысқы кезеңге аумақтарға қызмет көрсету үшін 841 бірлік техника дайындалды, жолдар мен тротуарларды тазартуға 1400 жол жұмысшысы тартылатын болады.



рында қауіпсіз сырғанауға қарсы жабындары бар жаңа көпірлер орнату, жол желісін және жаяу жүргіншілер аймақтарын жаңарту бар. Ең қауіпті учаскелерде қоршаулары бар баспалдақтар орнатылады, сондай-ақ зақымдалған элементтерді күшейту және ауыстыру жүргізіледі. Сонымен қатар, барлық учаскелердің палубасы болат тордан жасалады, бұл жазда да, қыста да қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жоба туристерге рельефті бағдарлауға көмектесетін, сондай-ақ радон көзінің емдік қасиеттерімен таныстыратын жаңа көрсеткіштер мен ақпараттық стендтерді орнатуды қамтиды.

Кедергісіз орта
«Инватакси» автопаркі ұлғаяды

Негізгі бағыттардың бірі қала тұрғындарын әлеуметтік қолдау болып қала береді. Осылайша жаңа бюджет қаражатының бір бөлігі әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға және инклюзивті қалалық ортаны құруға бағытталатын болады.

Алматыда «Инватакси» қызметіне үлкен сұранысқа байланысты автокөліктердің саны 130-ға дейін ұлғайтылады, бұл 2,7 мыңнан астам мүгедек адамды көлік қызметтерімен қамтуға мүмкіндік береді. Ай сайын «Инватакси» арқылы 30 мыңнан астам қызмет көрсетіледі.

Бұдан басқа, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 1 сәуірге дейін «Инвестиция орнына тариф» бағдарламасы шеңберінде азаматтардың сегіз санаты үшін өтемақы төлеу жалғасады, бұл коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуін өтеуге мүмкіндік береді.

Алматыда 2025 жылдан бастап жұмысқа орналастырудың барлық кезеңдерінде – бос орын іздеуден бастап оқуыс орнында бейімделуге дейін мүгедек адамдарды қолдауға бағытталған жаңа Jobsoach жобасы іске қосылуда. Жоба Берлиндегі табысты жұмыс тәжірибесіне негізделген және қызметкерлер мен жұмыс берушілерге көмектесетін арнайы оқытылған тәлімгерлердің жұмысын қамтиды. 2025 жылы 300 адамға дейін жұмыспен қамту жоспарлануда.

Кедергісіз орта құру маңызды бағыт болып қала береді. 2025 жылы тұрғын үйлерді, қоғамдық кеністіктерді, тротуарлар мен аялдама кешендерін қоса алғанда 32,5 мың нысанды паспорттау және қаланың 1,5 мың инфрақұрылым нысандарын бейімдеу жоспарлануда.

Саин көшесі ұзарады

Келесі жылдың шілде айында Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін жалпы ұзындығы 3,2 км ұзарту аяқталады, соның арқасында Момышұлы көшесінен көлік жүктемесінің 40%-ға төмендеуі күтілуде.

Сондай-ақ, мамыр айында Абай даңғылының Б.Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейінгі аралығы пайдалануға беріледі. Ұзартудың жалпы ұзындығы 5,3 км құрайды, екі жағында алты жолақты жол, веложолдар мен тротуарлар бар.

Маусым айында Жансүгіров көшесі мен Сейфуллин даңғылының қиылысындағы жолайығының іргелес аумағы абаттандырылып, құрылысты толық аяқтау жоспарлануда.

Жоба Сейфуллин даңғылында көліктің үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жалпы ұзындығы 690 метр болатын 2 тоннель салуды көздейді. Жансүгіров көшесі бойынша көлік құралдарының өтуі жер деңгейінде жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ, 4 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі, тротуарлар және көгалдандыру қарастырылған.

Бүгінгі таңда барлық сьездерге асфальтбетон жабыны төселді, бір жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі салынды, кәріз және байланыс желілерін қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Сейфуллин даңғылындағы «Батыс» және «Шығыс» тоннельдеріне асфальтбетон төсеу жұмыстары аяқталды.

Айта кету керек, жолайығы пайдалануға берілген кезде Жансүгіров көшесі бойынша өткізу қабілеті 15%-ға, Сейфуллин даңғылы бойынша 20%-ға артады деп күтілуде.

Үлкен Алматы өзені жағалауы

Алматыда 2025 жылы ұзындығы 5,7 км, аумағы 23,4 га



САПАСЫ АРТАДЫ

Алматы қаласы Мәслихатының алдағы сессиясында қаралады



болатын Үлкен Алматы өзенінің жағалауын көріктендіру жұмыстары басталады.

Жобаға бетонды тірек құрылымдарын жаңарту, жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдарын салу, көпірлер орнату, жарықтандыру тіректерін, бейнебақылау камераларын, балалар мен спорт алаңдарын, демалыс аймақтарын және модульдік қоғамдық дәретханаларды орналастыру кіреді. Сонымен қатар, аумақты көгалдандыру және қарау алаңдарын жасау көзделген.

Айта кетсек, 2024 жылы Алматының Алатау ауданында Боралдай өзені бойындағы 24 гектар аумақты қамтитын жасыл аймақты көріктендіру аяқталған болатын. Бұл жерде жаяу жүргіншілерге арналған көпір, скейтпарк, балалар мен спорт алаңдары, орындықтар, коқыс жәшіктері және модульдік дәретханалар орнатылды. Мұндай жобалардың тәжірибесі көрсеткендей, көріктендірілген жағалаулар мен жасыл аймақтар тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналып, қалалық ортаның сапасын арттырады.

Экологиялық жобалар

Келесі жылы Алматыда экологиялық жобаларға 10,6 млрд теңге бөлу жоспарлануда. Бұл қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға және жайлы қалалық ортаны дамытуға бағытталған.

Негізгі бағыттардың қатарында қаланы көгалдандыру, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін инфрақұрылымды жақсарту және табиғи объектілерді абаттандыру бар.

Қаланы көгалдандыру жобасы ағаштар мен бұталарды отырғызуды жалғастыруды, сондай-ақ саябақтар мен жасыл аймақтарды абаттандыруды қамтиды. Ағымдағы жылы Алматыда бюджет қаражаты есебінен 170 мың көшет отырғызу жоспарлануда, оның ішінде күзгі отырғызу маусымының басынан бастап 110 мыңнан астамы отырғызылды, бұл бір қала тұрғынына жасыл екпелердің ауданын 12,5-тен 12,8 шаршы метрге дейін ұлғайтуға көмектеседі.

Сонымен қатар, 2025 жылы қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесін жаңарту жалғасады. Қалада тереңдетілген үлгідегі 2 мыңнан астам контейнерлік алаң салынады, бұл қаланың санитарлық жағдайын жақсартады. Бұдан басқа, Іле ауданында ҚТҚ көмуге арналған жаңа полигонның жобасы әзірленуде, бұл болашақта қалдықтарды кәдеге жарату мәселелерін тиімді шешуге көмектеседі.

Үлкен Алматы және Қарғалы сияқты өзен арналарын қайта құру, сондай-ақ «Сайран» су қоймасын абаттандыру жобалары табиғи экожүйелерді қалпына келтіруге және қала тұрғындарының демалуы үшін жаңа экологиялық таза аймақтарды құруға бағытталған.

17 мың ірі ағаш

2025 жылы Алматы қаласының аумағында үш деңгейлі көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыс басталады. Бірінші деңгейде көгалдар мен гүлзарлар, екінші деңгейде бұталар мен сәндік өсімдіктер, ал үшінші деңгейде ірі ағаштар отырғызылады.

Жалпы, шамамен 17 мың ірі ағаш отырғызу жоспарланған, оның ішінде 15 мың ағаштың биіктігі 4 метрден асса, 2 мың ағаштың биіктігі 6 метрден асады.



Отырғызу жұмыстары магистральды көшелер бойында, саябақтарда, скверлерде, бульварларда және басқа да қоғамдық орындарда жүргізіледі. Мұндай тәсіл тығыз қоныстанған аудандарда көлеңке мен жасыл аймақтарды тезірек құруға мүмкіндік береді.

Жоба аясында ағаштарды отырғызу мен күтіп-баптаудың заманауи әдістері қолданылатын болады. Отырғызудан кейінгі алғашқы екі жылда жүйелі күтім жасалады: тамшылатып суару, автоматтандырылған суару жүйелерін орнату, сондай-ақ ағаштар мен бұталарды жергілікті жағдайларға бейімделген минералды тыңайтқыштармен қоректендіру қарастырылған. Бұл олардың жерсінуін жеделдетеді.

Көгалдандыру экологиялық жағдайды жақсартуға және қалалық ортаның сапасын арттыруға бағытталған. Ірі ағаштарды отырғызу жасыл инфрақұрылымды қалыптастыру уақытын қысқартып, қала тұрғындары үшін жайлы жағдай жасайды.

Санитарлық жағдай жақсарады

Алматының санитарлық жағдайын және эстетикасын жақсарту мақсатында 2025 жылы 581 жаңа контейнерлік алаң салу және 1683 тереңдетіле көмілген контейнер орнату жоспарланып отыр.

Заманауи контейнерлер кеңістікті тиімді пайдаланып, алаңдарды ықшамдап, жағымсыз иістің алдын алып, құстар мен бұралқы жануарлардан қорғайды. Қазір қалада 786 тереңдетіле көмілген контейнер орнатылған, бұл тұрғындар үшін тазалық пен жайлылықты қамтамасыз етуге жасалған маңызды қадам.

Сонымен қатар, 2024 жылы Алматыда 1 м³ көлеміндегі 1800 пластик евроконтейнер сатып алынды. Бұл контейнерлер тұрмыстық қалдықтарды жинауды жеңілдетіп, коқыс шығару үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді.

Еске салсақ, 2012 жылы Алматыда 197 тереңдетіле көмілген контейнерлік алаң және 1001 контейнер салынған болатын. Алайда, 10 жылдық пайдалану кезеңінде бұл контейнерлер агрессивті орта әсерінен қатты тозған. Осыған байланысты қалада сапасы жоғары жаңа контейнерлер сатып алынуда.

Жаңа контейнерлер жоғары сапалы экологиялық таза полиэтиленнен жасалған. Өлемдік стандарттарға сай, шамадан тыс тозуға төзімді, технологиясы материалдың біркелкі қалыңдығын және беріктігін қамтамасыз етеді.

Баум тоғайы үш аймаққа бөлінеді

Алматыда 2025 жылы қаланың басты табиғи нысандарының бірі болып табылатын Баум тоғайын абаттандыру жобасын іске асыру жоспарланған. Тоғайдың ауданы 137,7 га құрайды, ол Түркісіб ауданында Сейфуллин мен Сүйінбай даңғылдарының арасында орналасқан.

Жобаның мақсаты – тоғайды экологиялық маңызы бар аумақ ретінде жаңғырту, тұрғындар арасында эко-сананы дәріптеу. Тәсілдің ерекшелігі – тоғайдың табиғи компонентіне минималды араласу.

Аумақта шағын архитектуралық формалар пайда болады: орындықтар, беседкалар, урналар, сондай-ақ балалар ойындары мен спортқа арналған жабдықтар. Көгалдандыру кезінде эрозияны болдырмау және жер жұмыстарын азайту үшін табиғи рельеф пен жер жамылғысы сақталады.

Баум тоғайы үш аймаққа бөлінеді:

• Белсенді аймақ-ашық инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін тоғайдың периметрі бойынша орналасады.

• Рекреациялық аймақ – ең аз инфрақұрылымы бар тыныш демалыс орны болады.

• Эко-аймақ – шектеулі араласумен табиғи флора мен фаунаны сақтауға және қалпына келтіруге арналған.

Бүкіл жоба үш негізгі қағидаға негізделген: қалпына келтіру, эко-аймақтарға бөлу және қауіпсіздік. Абаттандыруды жүзеге асыру тоғайды қала тұрғындары үшін заманауи, экологиялық және жайлы демалыс аймағына айналдыруға бағытталған.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

БАЙҚАУ



DESIGN REVIEW 2024:

инклюзивті ортаны құрудағы үздік жобалар байқауы

Алматыда ҚазБСҚА және «Алматыбас-жоспар» ҒЗИ көмегімен Алматы қаласын дамыту орталығы ұйымдастырған DESIGN REVIEW 2024 байқауы аяқталды.



Айнабай
МӘДИ

Қорытынды мен марапаттау рәсімі салтанатты жағдайда өтіп, қатысушылар кеңестік және посткеңестік дәуірдегі көпқабатты үйлерді жаңартудағы жобаларын ұсынды. Байқау 16 командаға бірегей алаң болды. Соның ішінде, жергілікті және шетелдік жоғары оқу орындарының сәулет-дизайн мамандығында оқитын 49 студент бар. Бастапқыда 65 команда тіркелгенімен, 16 команда финалға шықты. Қараша айында қатысушылар лифтісі жоқ ғимараттарда инклюзивті ортаны құруға бағытталған жобаларды әзірлеу үшін сарапшылардың шеберлік сабағына, кеңестерге қатысты.

Қатысушылардың қорытынды жұмысын «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ, «Алматыбасжоспар» ҒЗИ, ҚазБСҚА өкілдерінен, сондай-ақ шақырылған сәулетшілер мен урбанистерден тұратын қазылар алқасы бағалады. Бағалаудың негізгі өлшемшарттары:

Тандалған нысанды негіздеу және талдау;

Көлемдік-жоспарлау шешімдері;

Сызбалар, визуализация және ұсыну креативтілігі;

Шешімдердің практикалық қолданылуы және инклюзивтілігі.

Презентация нәтижелері бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтады:

1-орын – «Ескі үйдегі жаңа өмір» жобасы. Халықаралық білім беру корпорациясының (ХББК) V курсы: Мұрат Айкөркем, Бали Дания, Ильясшева Аяна, Айтжанова Іңкәр.

2-орын – «Қолжетімді үй – жайлы өмір» жобасы. ХББК III курс: Дерели Гульбахар, Данабекова Шұғыла, Дерели Фатима Нур, Шалимбетова Жанель.

3-орын – «Этномәдени мұра негізінде қолжетімді архитектуралық орта құру» жобасы. ХББК IV курс: Слонимец Диана, Тұңғышпаева Ақниет.

Байқау қатысушыларға Алматының қалалық ортасын өзгертуге үлес қосу мүмкіндігін бере отырып, тұрақты даму және инклюзивтілік қағидатты жүзеге асырудағы маңызды қадам болды. Үздік жұмыстар қалалық сәулет саласындағы құзырлы органдарға ұсынылады.

ЖИЫН



Суретті түсірген С.ҚҰСАЙЫНОВ

БАЛА БАҚЫТТЫ БОЛСЫН!

Алматыда «Алем» оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында «Бала үшін ең жақсы орын – отбасы» атты «дөңгелек үстел» өтті.

Жиынға Алматыда бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттік, «Ана үйі» қоғамдық қоры, Наурызбай ауданы әкімдігінің өкілдері, ата-аналар және т.б. қатысты. Іс-шараның мақсаты – Қазақстанда бала асырап алушы кәсіби отбасы институтын енгізу мәселесін көтеру.

Сонымен қатар іс-шараның маңыздылығы, отбасы институтының іргесі берік қалануы, жанұя жылуы хақында «Ұлттық бала асырап алу агенттігі» жобасының басшысы Фарид Рахметова айтып берді.

«Біздің мақсат – ата-ана мен балалар бір отбасында, жанұя жылуын көріп, мейірімді, адал, еңбекқор болып өссе дейміз. Бала асырап алудың тетіктері мен өзіндік ережелері бар. Егер межелеген критерийлерге сай келсе, мүмкіндік қарастырылған. Үйде жақсы бала тәрбиеленсе, қоғамға қосылған үлкен үлес», – деді ол.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ

АЛМАТЫ
КІТАПХАНАЛАРЫзағип жандарға
қолдау көрсетедіАлматы қаласындағы кітапхана-
ханахаларда зағип жандарға
арналған арнайы жұмыс
станциялары орнатылды.

Бұл бастама еліміздің, қоғамның барлық мүшелеріне, оның ішінде көру қабілеті шектеулі зағип жандарға да білім мен ақпараттарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталмыш станциялар Брайль қарпімен басып шығаратын принтерлер, мәтінді үлкейту және контрастын өзгертуге арналған құрылғылар, мәтінді дыбыстық форматқа айналдыратын сканерлер, сондай-ақ жоғары сапалы дыбыстық құлаққаптармен жабдықталған. Осы мүмкіндіктер арқылы зағип жандар кітаптар мен басқа да білім беру материалдарын пайдалана алады.

Жалпы, бұл жобаның ерекшелігі – арнайы станцияларда көзі нашар көретін адамдар өздері қызмет көрсетеді. Бұл олар үшін өте маңызды, себебі мамандар осы технологияларды қолдануды үйретіп, қажетті ақпаратты табуға көмектеседі, сонымен қатар оқу мен өзін-өзі дамытуға арналған ресурстарды да ұсынады.

Мұндай қызметтер арқылы азаматтар білім алуға кедергілерді жеңіп, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік алады. Бұл жұмыс станцияларының әрқайсысы зағип адамдардың қажеттіліктеріне сәйкес арнайы әзірленген бағдарламалармен толықтай жабдықталған. Мұндай жаңашылдық цифрлық теңдік қағидаттарын іске асыруда маңызды қадам болып табылады. Себебі, әрбір адамға, қандай жағдай да болса да білім алу мүмкіндігін тең деңгейде қамтамасыз ете білу керек. Бұл станция Алматының бір емес, бірнеше кітапханаларында орнатылды.

А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхананың кітапханашысы Бексұлтан Талшынның айтуынша, зағип жандар үшін зор мүмкіндік болып отыр.

– *Кітапханамызда тағы бір үлкен жаңалық немесе мүмкіндік десек те болады. Зағип жандар мен көзі нашар көретін оқырмандар үшін арнайы жабдықталған құрылғылар орнатылды. Олардың Брайль диспейлі, сканерлеу құралы, құлаққап, ұлғайтқыш құрылғы сияқты бірнеше функциялары бар. Мәселен, Брайль дисплейі арқылы оқырмандар мәтінді саусақпен оқи алады, сканерлеу құрылғысы – кітап мәтінін компьютерге шығарып береді. Ал Fusion бағдарламасы арқылы мәтінді дыбыстап тыңдауға болады. Ұлғайтқыш құрылғысы аты айтып тұрғандай, мәтінді үлкейтіп көрсетеді. Бұл құрылғылар ақпаратты қолжетімді етуге үлкен мүмкіндік береді, – дейді Бексұлтан Талшын.*

Бұл бастама Алматының инклюзивті қоғамды дамыту жөніндегі іс-шараларына қосымша қадамдардың бірі болып табылады. Зағип жандар үшін ақпарат алу мен білім алу кезіндегі қиындықтарды жеңілдету оларға өмірлік қажетті дағдыларды дамытуға және жеке өзін дамытуға мүмкіндіктер береді. Алматының кітапханалары бұл арқылы қоғамның осал топтарына қолдау көрсетіп, олардың мәдени, білім беру және ақпараттық ресурстарға толық қажеттілігін қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Бұл бастама қаланың қоғамдық инфрақұрылымын жаңарту және барлық азаматтарға тең мүмкіндіктерді ұсыну үшін маңызды қадамдардың бірі. Алматының бұл шарасы өзге қалалар үшін де үлгі бола алатынына сенім зор.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

IT САЛАСЫ

«DIGITAL ALMATY»

және «Digital Bridge» халықаралық форумдары жыл сайын
30 000-нан астам қатысушыны тартады

Бұл туралы IT-индустрияны дамыту мәселелері қаралған Үкімет жиынында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев мәлімдеді.

«2024 жылы Қазақстанның IT-саласы қарқынды өсуін жалғастырды. Өңірлік хабтардың дамуы біздің инновациялық экожүйеміздің негізгі элементіне айналды. Бүгінгі күні бүкіл ел бойынша 17 өңірлік IT-хаб жұмыс істейді. Олар жергілікті стартаптар мен кәсіпкерлікті дамытуға белсенді ықпал етеді», – деді спикер.

ЦИФРЛАНДЫРУ

КИБЕРҚАУІП ҚАЙДАН?

2024 жылы Қазақстандағы әрбір екінші пайдаланушы телефон алаяқтарына тап болды

Алматыда «Киберитоги 2024» – «Касперский зертханасы» жыл сайынғы қорытынды баспасөз конференциясы өтті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Kaspersky GReAT басшысы Игорь Кузнецов Қазақстандағы және әлемдегі киберқауіптер ландшафты туралы жеке пайдаланушылар үшін де, бизнес үшін де айтып берді. Жиынға келгендер киберқауіптердің негізгі түрлері, жаңа бағыттары жөнінде ой қозғады. Қазақстан, Орталық Азия мен Моңғолиядағы «Касперский зертханасының» директоры Валерий Зубанов өнеркәсіптік және корпоративтік жүйелерді қорғау бойынша жыл қорытындысын шығарды.

Kaspersky Who Calls мәліметінше 2024 жылы Қазақстандағы әрбір екінші пайдаланушы телефон алаяқтарына тап болды. Kaspersky Who Calls қосымшасының деректері бойынша спам-қоңыраулар алған Қазақстандағы пайдаланушылардың үлесі 2024 жылғы қаңтар-қарашада 72,4% деңгейін құрады. Бұл ретте жартысынан астамы (52,1%) – алаяқтармен бетпе-бет келді.

Биылғы жылы схемалар кең таралды. Онда алаяқтар әртүрлі сылтаулармен SMS-тен кодты атауды сұрайды. Мысалы, Қазпошта қызметкерлері тапсырысты хаттың жеткізілгені туралы хабарлайды немесе есептегіштерді тексеруге байланысты Алматыдан қоңырау шалады. Сондай-ақ, шабуылдаушылар телекоммуникация операторларының қызметкерлерін елестете алады және телефон нөмірін ұзарту үшін код сұрай алады. SMS-тен алынған кодты әртүрлі қосымшалардағы пайдаланушылардың есептік жазбаларына кіру, олардың жеке деректері мен ақшаларын ұрлау үшін пайдалануға болады.

Алаяқтар қазірдің өзінде жақсы тексерілген схемаларды қолдануды жалғастыруда. Мысалы, оларды банк қызметкерлері таныстырады және күдікті әрекеттер туралы хабарлайды, содан кейін ақшаны ұрлау үшін ақшаны «қауіпсіз шотқа» аударуды ұсынады. Тағы бір танымал схема – бұл құқық қорғау орган-



дарының қоңыраулары. Қаскүнемдер адамды тергеуге көмектесуге немесе басқа мәселені шешуге сендіреді, осылайша әңгіме барысында олардың жеке ақпаратын немесе банк картасының мәліметтерін алады.

Жүлделер ұтысымен схема өзектілігін жоғалтпайды. Пайдаланушыға көлікті немесе басқа құнды затты алғаны туралы хабарланады, содан кейін фишингтік сайтқа жібері-

Министрдің айтуынша, стартаптар мен IT индустриясын дамыту жөніндегі барлық бағдарламалар аймақтық IT-хабтарға қолжетімді. Өңірлік хабтар Қазақстанда IT-индустрияны дамытудың маңызды драйверіне айналуда. Бұл таланттарды ашуға және күшті инновациялық экожүйені құруға ықпал етеді.

«Digital Bridge» және «Digital Almaty» халықаралық форумсы сияқты маңызды форумдар жыл сайын 30 000-нан астам қатысушыны тартады. Қазақстанның IT-қызметтер экспорты қарқынды өсімді көрсетуде. 2023 жылы экспорт көлемі 529 млн долларға жетті. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіш 306 млн долларды құрады. Ұлттық инновациялық жүйенің «бірыңғай терезесі» құрылды. Мұнда IT-мамандарға, инноваторларға және ғылыми қайраткерлерге арналған мемлекеттік қолдау шараларының көпшілігі шығарылды. Мобильді қосымша да қолжетімді. Портал мемлекеттік қолдау шараларын бөлудің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында IT-мамандарға арналған арнайы виза – Digital Nomad Visa іске қосылды. Бұл жеңілдетілген процедура-лар арқылы электрондық виза алуға мүмкіндік береді. «Бүгінгі күні порталды жыл сайын жарты млн-нан астам адам пайдаланады. Портал EGOV-қа ұқсас бірыңғай терезеге айналды деп айтуға болады», – деді министр.

леді, онда сіз өз деректеріңізді енгізуіңіз керек, нәтижесінде олар зиянкестердің қолында болады. Алаяқтар жүлдені рәсімдеу кезінде комиссияны төлеуді сұрай алады.

«Алаяқтардың схемалары өзгеруі мүмкін, бірақ тәсіл өзгеріссіз қалады. Алаяқтар әлеуметтік инженерия әдістеріне жүгінеді, адамның эмоцияларына әсер етеді, не болып жатқанын сыни тұрғыдан ойлауға уақыт болмауы үшін қорқытуға тырысады. Алайда, бұл тәсілдерге бой алдырмау керек. Егер біз өте маңызды бизнес туралы айтатын болсақ та, сіз жалқау болмауыңыз керек және ақпаратты өзіңіз тексеріп алуыңыз керек. Мысалы, егер Сіз банктен қоңырау шалсаңыз, ақшаны бір жерге аударудың орнына жеке филиалға барғаныңыз немесе ресми сенім телефонына қоңырау шалғаныңыз жөн. Егер адаммен әңгіме күдік тудырса, қоңырауды дереу аяқтаған дұрыс», – деді Қазақстан, Орта Азия және Моңғолиядағы «Касперский зертханасының» басқарушы директоры Валерий Зубанов.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БАЗАРДАҒЫ БАҒАҒА БАҚЫЛАУ БОЛА МА?

Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі, сондықтан мұндағы азық-түлікке деген сұраныс әрдайым жоғары. Қаладағы тұрғындар санының артуы және аймақтық азық-түлік өндірісінің бұл сұранысты толықтай қамтамасыз ете алмауы бағаның өсуіне әсер етеді. Қарапайым экономикалық заңдылықтарға сүйенсек, егер ұсыныс сұраныстан аз болса, баға автоматты түрде көтеріледі. Сонымен бірге, Алматы Қазақстандағы ең ірі сауда-логистикалық хаб болғандықтан, азық-түлік бағасының өсуі мұндағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға тікелей әсер етеді. Бұл мәселені тереңірек зерттеу үшін нарықтық механизмдер, шекаралық саясат, ішкі өндіріс, монополия, логистика және әкімшілік шаралар сияқты бірқатар аспектілерді талдаған жөн.

Серік
ЖҰМБАЕВ

АЛМАТЫ ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІ

Мегаполис тұрғындарының саны жыл сайын өсіп келеді, бұл азық-түлікке деген сұранысты арттырып отыр. Дегенмен, қала азық-түліктің көп бөлігін шет аймақтардан немесе көршілес елдерден тасымалдайды. Сондықтан Алматыда азық-түлік бағасының қымбаттауы тек ішкі нарықтағы тапшылық, логистика мәселелері немесе шекаралық кедергілермен ғана емес, сонымен қатар доллар бағамының өсуімен де тығыз байланысты. Қазақстанның азық-түлік нарығының белгілі бір бөлігі шет елден импортталатынын ескерсек, ұлттық валютаның әлсіреуі бұл өнімдердің бағасына тікелей әсер етеді.

Алматының азық-түлік нарығының негізгі ерекшелігі – импортқа жоғары тәуелділік. Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Қытай секілді елдерден жеткізілетін өнімдердің барлығы шетелдік валютамен бағаланады. Доллар бағамының көтерілуі импорттық тауарлардың өзіндік құнын арттырып, бұл түпкі бағаның өсуіне алып келеді.

Мәселен, Алматыға келетін жеміс-жидек, көкөніс, кондитерлік өнімдер, тіпті азық-түлікке қажетті қосымша шикізаттардың басым бөлігі шет елден сатып алынады. Олардың доллармен есептелуі теңге бағамы әлсіреген жағдайда ішкі нарықта бағаның өсуіне себеп болады.

Доллар бағамы тек азық-түліктің өзіндік құнына ғана емес, логистика шығындарына да әсер етеді. Қазақстанда жанармай бағасы халықаралық нарыққа тәуелді болғандықтан, доллардың қымбаттауы тасымал шығындарын да арттырады. Бұл, әсіресе, Алматы секілді үлкен қалаларда айқын байқалады, өйткені азық-түлік қалаға алыс аймақтардан жеткізіледі.

Тасымалдау шығындарының көбеюі нәтижесінде өнім өндірушілер мен сатушылар бұл шығынды түпкі тұтынушыларға, яғни қарапайым халыққа жүктейді. Осылайша доллар бағамының өсуі азық-түлік бағасының барлық деңгейінде қымбаттауына себеп болады.

Теңгенің құнсыздануы халықтың сатып алу қабілетін төмендетіп, импорттық азық-түліктің қолжетімділігін шектейді. Бұл ретте ішкі нарықтағы бағаның өсуі тек импорттық тауарлармен шектелмей, жергілікті өндіріс

өнімдеріне де әсер етеді. Жергілікті өндірушілердің көпшілігі ауыл шаруашылық техникасы, тыңайтқыштар және басқа да қажетті құралдарды шет елден сатып алады. Бұл тауарлар да доллармен бағаланғандықтан, өндірістік шығындар артып, өнімнің өзіндік құны жоғарылайды. Нәтижесінде Алматы базарларында отандық өнімдер баға-сы да шарықтайды.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚҰНЫН ТҰРАҚТАНДЫРУМҮМКІН БЕ?

Доллардың өсуінен азық-түлік бағасына әсерін азайту үшін ішкі өндірісті дамытып, Алматы маңындағы ауыл шаруашылық аймақтарына қолдау көрсетіп, ішкі нарықты жергілікті өнімдермен қамтамасыз етуіміз керек. Бұл импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, азық-түлік пен өндірістік құралдарды сатып алудағы сыртқы валютаға тәуелділікті төмендету үшін отандық өндіріске инвестиция салған жөн. Ұлттық банктің валюталық тұрақтылықты сақтау бойынша белсенді шаралар қабылдауы маңызды. Сауда-логистика шығындарды азайту үшін Алматы маңында қоймалар, көлік бағыттары және жаңа тасымал инфрақұрылымдарын дамыту қажет. Әлеуметтік маңызы бар тауарларға бақылауды күшейтіп, мемлекет тарапынан бағаны тұрақтандыру үшін субсидиялар мен арнайы жеңілдіктер ұсынған дұрыс.

Доллар бағамының өсуі Алматыдағы азық-түлік бағасының өсуіне айтарлықтай ықпал етуде. Бұл мәселені шешу үшін тек нарықтық механизмдерге сүйенбей, кешенді мемлекеттік саясат жүргізу қажет. Ұлттық валютаны тұрақтандыру, ішкі өндірісті қолдау және импортқа тәуелділікті азайту арқылы ғана баға тұрақтылығына қол жеткізуге болады.

Осы факторларды ескере отырып, азық-түлік бағасының қымбаттауына қарсы жүйелі

шаралар қабылданбаса, Алматы тұрғындарының әлеуметтік жағдайы одан әрі нашарлай түсуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселе тек экономикалық емес, әлеуметтік маңызды қад-дамдарды қажет етеді.

БАҒА САЯСАТЫН РЕТТЕУ МАҢЫЗДЫ

Қалаға азық-түлік жеткізу мәселесін қарастырғанда, Алматының көрші елдермен сауда байланысына тәуелді екенін ескермеуге болмайды. Қырғызстан мен Өзбекстаннан тасымалданатын өнімдер қаланың азық-түлік нарығының айтарлықтай бөлігін қамтиды. Алайда, соңғы жылдары шекарадағы рәсім-деу мәселелері, тасымалдың тежелуі және тарифтердің көтерілуі сияқты проблемалар жағдайды қиындатып отыр. Мұндай проблемалар тасымалдаушылар үшін қосымша шығындарды туындатып, бұл соңында тұтынушыларға жоғары бағамен жететін өнімнің өзіндік құнын арттырады.

Алматы секілді мегаполистер үшін жергілікті азық-түлік өндірісінің деңгейі ерекше маңызға ие. Алайда, Алматының ішкі өндірісі халықтың сұранысын толық қанағаттандыра алмайды. Қала маңындағы ауыл шаруашылығы аймақтары өнім шығарады, бірақ бұл жеткіліксіз. Тасымалдаушылардың қалаға азық-түлікті алыс аймақтардан немесе көршілес елдерден жеткізуі бағаның артуына алып келуде. Сондықтан аграрлық секторды дамыту, өнімділік деңгейін арттыру және жергілікті өндірушілерге қолдау көрсету қажеттілігі туындайды.

САУДАДА ӘДІЛ БӘСЕКЕ САҚТАЛСА ИГІ

Алматыда азық-түлік бағасын бақылау әкімшілік ресурстар арқылы жүзеге асырылып келеді. Алайда, бұл уақытша ғана әсер беретін құрал. Бағаны тиімді түрде реттеу

МӘСЕЛЕНІҢ ӨЗЕГІ:

- Тасымал шығындары артып барады. Жанармай бағасының тұрақсыздығы, жол бойындағы қосымша алымдар және шекарадағы тосқауылдар азық-түлік бағасын арттырып отыр.
- Қаланың айналасында азық-түлікті сақтау үшін қажетті инфрақұрылым, қоймалар жеткіліксіз. Бұл өнімдердің мерзімінен бұрын бұзылуына әкеліп, шығынды көбейтеді.
- Логистикалық жүйені жетілдіру арқылы тасымал шығындарын азайтып, азық-түлік бағасының төмендеуіне қол жеткізуге болады.

үшін жүйелік өзгерістер қажет. Сауда саласындағы мәдениеттің жетіспеушілігі және баға белгілеудің ашық механизмдерінің жоқтығы бағаның тұрақсыздығына ықпал етуде. Қаланың шағын дүкендерінен бастап ірі супермаркеттеріне дейінгі саудагерлер азық-түлік бағасына өздігінен үстеме қосып, тұрғындардың сатып алу қабілетін төмендетіп отыр. Мысалы, саудагерлердің көпшілігі 20–30% емес, кейде екі есе үстеме қосып, заңды белшесінен басуда. Сауда саласын тәртіпке келтіретін заңнамалық өзгерістер қажет екені анық.

Алматының азық-түлік нарығында ірі монополистердің үстемдігі байқалмай тұрмайды. Мұндай монополистер өз өнімдеріне еркін түрде баға қойып, нарықтың басқа қатысушыларына мүмкіндік бермеуі ғажап емес. Бағаны реттеуге бағытталған бақылау шаралары жеткіліксіз, ал монополияға қарсы саясаттың тиімсіздігі бағаның үнемі өсуіне әкеліп соғуда.

Монополистермен күресу үшін нарықта еркін бәсекелестік орта қалыптастыру, бақылауды күшейту және монополиялық құрылымдарға қатысты қатаң шаралар қолдану қажет. Сондай-ақ, мемлекеттік органдар баға реттеуге байланысты тиімді әдістерді енгізуі керек.

Алматы – елдің ең ірі мегаполисі, сондықтан бұл мәселелерді шешу тек қала үшін ғана емес, жалпы республикалық деңгейде маңызды. Қала әкімдігі, мемлекеттік органдар мен бизнес саласының өкілдері бірігіп әрекет еткен жағдайда ғана баға тұрақтылығы мен халықтың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізуге болады.

Қалай десек те, Алматыдағы азық-түлік бағасының қымбаттауы – нарық заңдылығы ғана емес, оған сыртқы және ішкі факторлар кешені әсер етіп отыр. Шекаралық сауда проблемалары, логистикадағы олқылықтар, ішкі өндірістің жеткіліксіздігі, сауда мәдениетінің төмендігі және монополиялық құрылымдардың ықпалы баға тұрақтылығын сақтауға кедергі келтіруде. Бұл жағдайларды шешу үшін мемлекет кешенді шаралар қабылдап, ішкі нарықты азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейін арттыруы қажет. Ең бастысы, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің үйлесімді жұмысы арқылы тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізуге әбден болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытбек БИДӘУЛЕТҰЛЫ, кәсіпкер:

АЗЫҚ-ТҮЛІК КЕРУЕНІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК

Бағаның қымбаттауының өзі нарыққа байланысты. Сұраныс пен ұсыныстың арасындағы баланстың бұзылуынан осындай мәселелер туындайды. Егер ұсыныс көбейіп кетсе, яғни азық-түлік көп болса, онда тауар өтпегендіктен сөзсіз баға төмендейді. Ал керісінше жағдай орын алса, әрине, баға қымбаттайды. Қазір бізде керісінше жағдай орын алып отыр. Бұл біздің базарларымызда азық-түліктің әлі де болса толық көлемде ұсыныс таппай отырғанын білдіреді. Бұған ең басты себеп – Қырғызстан мен Өзбекстандағы шекара жұмысының дұрыс жолға қойылмауынан болып отыр. Өйткені, азық-түлік тауарларының басым көбі сол елдерден тасымалданады. Осыдан келіп елімізде азық-түліктің тапшылығы сезілді де, баға бірден көтерілді. Оның үстіне, доллар да қымбаттады. Сол үшін тиісті органдар бұрынғыдай азық-түлік керуендерін ұйымдастырып, оларды жол-жөнекей «қарақшылардан» сақтап, полицияларға шығындатпай, кедендік рәсімдерді тезірек ретке келтіретіндей жағдайлар жасауымыз қажет. Сонда ғана бұл мәселені кішкене болса да ретке келтіруге болады.

Арман БЕЙСЕНОВ, Алматы қаласының тұрғыны:

САУДА МӘДЕНИЕТІ ТӨМЕНДЕП КЕТТІ

Бағаның шарықтауы, бұл – Қазақстан өзінің ішкі өндірісінде азық-түлік тауарларын әлі де жеткілікті деңгейде шығарып отырмағанын көрсетеді. Азық-түліктердің бағасына қатысты тиісті органдардың істеп отырған бар шарасы, ол – бағаға әкімшілік ресурстарды пайдалану. Бірақ онымен мәселе шешілмейді. Сондықтан Қазақстандағы сауда мәдениетін барынша көтеру қажет. Мұның барлығы елімізде сауда мәдениетін реттейтін заңдылықтардың жоқтығынан орын алып отыр. Тауардың елімізде осынышалықты жоғары бағада сатылуы саудагерлердің, сауданың айналасында жүрген кәсіпкерлердің қарапайым халықты қанауы болып табылады. Мәселен, бір кәсіпкер кішкене дүкен ашып, ондағы тауарларға екі-үш есе баға қоспай, 20 пайыз қосқанның өзінде үлкен пайдаға кенеледі. Бұл – бұрыннан келе жатқан маркетингтік стандарт. Біз осыны жойып алаық. Сауда мәдениетінде осындай тежеудің жоқтығынан тауарды әркім әртүрлі бағада сата беретін болды. Оны бақылап отырған ешкім жоқ.



КОНФЕРЕНЦИЯ

«ҰЛЫ ОҚЫРМАН» ҚҰБЫЛЫСЫ

Мегаполисте Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Оқуға құштар ұлттың қайта жаңғыруы» тақырыбында VI халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Іс-шараны ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағы және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бірлесіп ұйымдастырды.

Конференция мақсаты – әлемдік мәдениеттердің диалогы мен жақындасуы арқылы ұлттық әдебиеттің даму факторын зерттеу, бұл процестің ХХІ ғасырдағы оқырманның жандануына әсерін зерделеу және әлемде осы процесті бөгейтін факторларға қарсы тұру.

Конференцияға оқырманның азайып кетуіне алаңдай-

тын отандық және шет ел жазушылары мен ғалымдары қатысты.

Басты назарда ХХ ғасырда әлеуметтік субъектіге айналған «ұлы оқырман» құбылысы болды. Секцияларда қатысушылар Олжас Сүлейменовтің мұрасы, тарихи әдебиеттің ұлттық сана-сезімге әсері және ХХІ ғасырдағы кітап мәдениетін жаңғырту мәселелерін қозғады.

Іс-шара әлемдік әдеби дәстүрді дамытып, халықты кітап оқуға қайта баулу үшін мәдениеттерді жақындастыру мен ғылыми диалог орнатудың маңызын айшықтады.



Олжас
СҮЛЕЙМЕНОВ:

«Көшпенді елдің мәдениеті ауыз әдебиетінде бейнеленген. ХХ ғасырда ауыз әдебиетіне деген ықылас кітапқа деген ерекше махаббатқа айналды. Бірнеше онжылдықта қазақ елінде кітап мәдени төңкеріс жасады. Менің ойымша, Қазақстанда өткен бұл құбылыс әлемнің басқа бірде-бір елінде мұнша биік дәрежеге жеткен жоқ».

«Қазақ тіліндегі әдеби журналдар әлемдегі ең жоғары таралымға қол жеткізді. «Жұлдыз» қалың әдеби журналы екі жүз беттен астам таза мәтінмен (бірде сурет жоқ, тек өлең, әңгіме, роман, сын мақала) 70–80 жылдары ай сайын 220 мың дана тиражбен шықты. Абоненттерге бөлінді. Тағы ондаған мың данасы бөлшек саудада сатылды. АҚШ-та да, Жапонияда да, Италияда да осынша тиражға шыққан әдеби басылым болмаған».

«Ұлттық баспалар жыл сайын нарыққа миллиондаған томдар шығарды – жаңа шығармалардан басқа, ол әлемдік көркем, техникалық және оқу әдебиеттерінің аудармасы болды. Еуропадағы поэзия жинағының таралымы мың данадан аспайды. Қазақстанда атақты ақындардың кітаптары сол жылдары жүз мың тиражбен басылып шыққан және дүкендерде сарғайып жатпаған. Сол кезде бізде ғажайып оқырман болды. Мен мұны өткен ғасырдағы басты жетістігіміз деп санаймын».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат ӘШІМОВА:

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТТЫ
ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Осы сұраққа жауап іздеу үшін Алматыда өткен «ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТТЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ» тақырыбындағы халықаралық конференцияны белгілі қоғам қайраткері, лингвист-ғалым, Қазақ КСР Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, ақын Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ басқаратын ЮНЕСКО аясында мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық орталығы ұйымдастырды.

Жиынға ХХ ғасырда әлеуметтік субъектіге айналған «ұлы оқырман» құбылысын зерттеп жүрген, оқырманның азайып кетуіне алаңдайтын қазақ және шетел жазушылары мен ғалымдары қатысты. Олардың қатарында Горький атындағы Әдебиет институтының профессоры, әдебиет сыншысы Евгений СИДОРОВ (Мәскеу), француз жазушысы, аудармашы Тьерри МАРИНЬЯК (Париж), Әзербайжанның халық жазушысы Эльмира АХУНДОВА (Баку), ТҮРКСОЙ материалдық және Материалдық емес мәдени мұра комитетінің төрағасы Мұрат КАХРАМАН (Анкара), ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Аймақтық бюросының директоры Амир ПИРИЧ, Халықаралық Түркі академиясының вице-президенті Асхат

КЕСІКБАЕВ, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан МАТЫЖАНОВ, Ұлттық кітапхана директоры Бақытжамал ОСПАНОВА, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек ЕСДӨУЛЕТ, Қазақ ПЕН-клубының президенті Бигелді ҒАБДУЛЛИН және басқалар болды.

– Қазақ баласы әлем әдебиетіне жол салып, соғыс пен ашаршылық, қуғын мен сүргінге толы өткен ғасыр ішінде бірнеше ұлы кітап шығара алды, – деді жиынды ашқан, әйгілі ақын, қоғам қайраткері Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ. – Бірақ соңғы онжылдықтарда бұл процесс кері бағытқа түсіп кетті, кітап оқу мәдениеті қу тақырға айналып барады. Қазіргі өркениет оқырманды жазу ойлап тапқанға дейінгі тас дәуіріндегідей көрермен мен тыңдаушыға өзгертті. Мәдениет деградациясы гомо түрінің сапиенс эпитетіне құқығын біртіндеп жоғалтуы әбден мүмкін. Міне, бүгінгі жиында осы проблемалардың түйінін шешпекке ниеттеміз.

Конференция барысында сонымен бірге ұлттың мәдени коды мен ұлттық сана қалыптастыра алатын роман, фильм, тіпті повесть сияқты үлкен өнер туындысы қандай тақырыпта жазылуы мүмкін, ұлттық әдебиет қандай біліммен толығыуы керек, әлеуметтік тапсырыс ұлттық әдебиетті дамытуда қандай рөл атқарады, оқырман ұлттың қайта өрлеу процесін бастау үшін кеңестік кітап шығару және тарату жүйесі тәжірибесінен нені қолға алуымыз қажет деген мәселелер талқыланды.

Игорь КРУПКО, ЮНЕСКО қамқорлығымен мәдениеттерді жақындастыру орталығы директорының орынбасары:

КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІ
құлдырап барады

Қазақ баласы әлденеше соғысты, алапат ашаршылықты, ядролық сынақты басынан өткізе жүріп, әлем әдебиетіне жол ашып, бірнеше ұлы кітап шығарды. Қазақ мәдениетінде әлемдегі ірілермен тең дәрежеде сөйлесу құқын ала алған авторлар бой көтерді. Осы процестің бастауында кітап оқу мәдениеті тұр еді. Өкінішке қарай, соңғы онжылдықтарда кітап оқу мәдениеті құлдырап барады. Бұл – пандемия сияқты әлемдік құбылыс. ХХІ ғасырдың жазба мәдениеті қазір цифрлы әлемде дамуға көшті, мәтін үздіксіз шығарылып, интернет желісінде иллюзия карнавалына айналып, бірін-бірі жаңа жүйелерімен еліктіріп барады.

Атақты ақын Олжас Сүлейменов осындай «мәдени революцияны» болжап, 30 жыл бұрын қазіргі әлеуметтік желі дәуіріне былай деп диагноз қойыпты:

«...Қазіргі өркениет оқырманды тас дәуіріндегі, жазуды ойлап тапқанға дейінгі көрермен мен тыңдаушыға айналдырады. Егер алғашқы жазу таңбасы ата-бабалымыздың аң терісіне түсірілген белгісі болса, ендігі жазу сұқпыты мәдениет деградациясын көрсет-

теді... Ондаған жылдар өтеді – теледидар экраны сөнеді, компьютер тоқтайды – мәдениеттен айырылған адамзаттың бір бөлігі кішігірім дүниежүзілік соғыстың бірінде басын жоюы да ықтимал. Сонда саналы тіршілігі бар жалғыз планета эволюцияның жаңа кезеңін тосып, жазу мәдениетіне жол ашатын алғашқы жазба белгісін сарғайып күтіп отырмақ».

Бұл конференция үстінде Олжас Омарұлы «ұлы оқырман» заманын былай деп еске алды:

«Алғаш рет біз ұйымдастырып, ХХ ғасырдың аяғында Италия елінде Қазақтың ежелгі қолжазба көрмесі ашылды. Бұл жаңалыққа италиялықтар «Қазақстан көне жазба мәдениетінің елі ме?» деп қатты таңқалды. Көшпенді елдің мәдениеті ауыз әдебиетінде бейнеленген. ХХ ғасырда ауыз әдебиетіне деген ықылас кітапқа деген ерекше махаббатқа айналды. Бірнеше онжылдықта қазақ елінде кітап мәдени төңкеріс жасады. Менің ойымша, Қазақстанда өткен бұл құбылыс әлемнің басқа бірде-бір елінде мұнша биік дәрежеге жеткен жоқ.

Қазақ тіліндегі әдеби журналдар әлемдегі ең жоғары таралымға қол жеткізді. «Жұлдыз» қалың әдеби журналы екі жүз беттен астам таза мәтінмен (бірде сурет жоқ, тек өлең, әңгіме, роман, сын мақала) 70–80 жылдары ай сайын 220 мың дана тиражбен шықты. Абоненттерге бөлінді. Тағы ондаған мың данасы бөлшек саудада сатылды. АҚШ-та да,

Жапонияда да, Италияда да осынша тиражға шыққан әдеби басылым болмаған. Ұлттық баспалар жыл сайын нарыққа миллиондаған томдар шығарды – жаңа шығармалардан басқа, ол әлемдік көркем, техникалық және оқу әдебиеттерінің аудармасы болды. Еуропадағы поэзия жинағының таралымы мың данадан аспайды. Қазақстанда атақты ақындардың кітаптары сол жылдары жүз мың тиражбен басылып шыққан және дүкендерде сарғайып жатпаған. Сол кезде бізде ғажайып оқырман болды. Мен мұны өткен ғасырдағы басты жетістігіміз деп санаймын.

...Кітапқа қауіп төніп тұр. Демек, адамзатқа қауіп төніп тұр. Бізге ғасырлар тереңінен жеткен аз нәрсені шынымен түсіну және бағалау қажет. Әрбір жазу белгісі, тастағы әрбір жол, ежелгі Құранның әрбір томы».

Ұлы ақынның сөзі ешқашан ақылға қайшы келмейді. Бір ғана нәрсені айту жеткілікті: 1990 жылы әйгілі «Аз и Я» кітабы он бес жыл өткен соң қайта басылып, соның мол қаламақысына Олжас Омарұлы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан, түрмелерден оралған студенттерге 8 пәтер сатып алып, сыйға тартты. Бұл да – кітап оқырманының арқасы еді.

Өз басым ұлы ақынның кітап жазу үстіндегі жұмысын көру бақытына ие болдым. Өйткені, Олжас Сүлейменов – адамзаттың зияткерлік өмірбаянын ашқан, тұтас бір дәуірдің дарабозы, зор талант, ғасыр авторы.

ДЕРЕК

1990 жылы әйгілі «Аз и Я» кітабы он бес жыл өткен соң қайта басылып, соның мол қаламақысына Олжас Омарұлы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан, түрмелерден оралған студенттерге 8 пәтер сатып алып, сыйға тартты. Бұл да – кітап оқырманының арқасы еді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: ҚР МАМ баспасөз қызметі).



ТҰЛҒАТАНУ

«КҮЛКІ – ӨМІР КІЛТІ»

Алматы архивінде «Тамашаның» тарланы, театр және кино актері
Құдайберген Сұлтанбаевтың музей бұрышы ашылды

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы қаласы мемлекеттік архивінің қоры тағы бір құнды жәдігерлермен толықты. Архивтің №842 қор құрушысы, Қазақстан Республикасының Халық артисі, «Тамаша» ойын-сауық отауының тарланы, ұлағаты ұстаз, театр және кино актері, көрнекті қоғам қайраткері Құдайберген Сұлтанбаевтың «Күлкі – өмірдің кілті» атты музей бұрышы ашылды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мәдени іс-шарада Асанәлі Әшімов, Болат Әбділманов, Жеңіс Ысқақова, Бақыт Тушаев, Әсет Иманғалиев сынды өнер жұлдыздары Құдайберген Сұлтанбаев туралы жүрек тебірен-терлік естеліктерімен бөлісті. Музей бұрышына актердың әр жылдары алған жоғары марапаттары, құнды заттары, фотосуреттері, тіпті, карандашпен салған суреттері қойылған.

Құдайберген Сұлтанбаев есімін естігенде аға буынның көз алдына бірінші «Тамаша» келе қалатыны рас. Әсіресе, Тұңғышбай Жаманқұлов екеуінің тандемі, сахнадағы рөлдері ерекше еді. Бір ұзын, бір қысқа болып шыға келетін «Нағашы мен жиен» әзілдеріне көрермен ұзақ қол соғушы еді. Өзі туып өскен Сыр өңірінің сыршыл әжелерінің тұлғасын сомдауы да ешкімді бей-жай қылдырмайтын. Сол ақжаулықты әжелер бейнесінен, өне бойы әзіл-қалжыңнан құралса да, мейірім, шуақ есіп тұратыны.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жеңіс ЫСҚАҚОВА,
эстрада әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Ағаның алды ақжайлау

Бірде Құдайберген ағай екеуміз «Гүлдер» ансамблінің қырық жылдық концертін жүргіздік. Жалпы, ағаның қасында жүрсеніз, өз-өзіңнен сондай бір әдемі толқынға ілесіп кете беретінің бар. Ол кісі сөйлегенде, солай сөйлеуге еліктейміз бе екен, еркіннен тыс ілесіп, сөзден сөз төгіле кететінің бар. Сөйтіп, сахнада келесі шығатын әнші Мәдина Сәдуақасованы таныстыратын болдық. Құдайберген ағай «Қазақ өнерінде, «Гүлдердің» құрамында дарынды да әдемі жаңа буын өсіп келе жатыр. Ал қарсы алыңыздар!» дейді де, сөз маған беріледі. Мен іліп әкетіп «Сахнада – Мәдина Сәдуақасова» деп хабарлауым керек. Ал менің шатасып, «Сахнада – Мәдина Ералиева» демесім бар ма! Мәдина кеткелі қай жыл! Зал гу өте қалды. Мәдина Сәдуақасова да не шығарын, не шықпасын білмей тосылып қалды. Құдайберген аға маған дем бергендей мейірімді жүзбен бір қарады. «Ал ағайын, міне, бүгін дүбірлі той, елімізде «Гүлдер» ансамблінің қырық жылдығы аталып өтіп жатыр. Осыны сезген Мәдина апамның да сахнада рухы жүр-ау! «Ай, мені ұмытып кетпеңдер!» дегендей аузымызды байлап, бізді шатастырып жатқан болуы керек. Біз қалай ұмытамыз?! Міне, алдарыңызда – Мәдина Ералиеваның өзі сияқты сұп-сұлу сіңлісі Мәдина Сәдуақасова!» дедім. Құдайберген ағам маған риза кейіппен тағы бір көз тоқтатты. Осылай бір көзқарасымен-ақ дем беретін, ілестіріп әкететін қасиетке ие болған ағамызды қалай ұмытамыз?!



Бақыт ТУШАЕВ,
шәкірті, актер, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры
директорының орынбасары:

Жастардың кез келген қадамын
қолдады

Құдайберген аға мен Дәкен апайдың он бес баласы бармыз. Өзінің екі баласын қосқанда, он бес баласы бірге жүрдік. Ол кісі бізге ұстаз ғана емес, әке де бола білді. Дәкен апамыздың қолынан талай дәм таттық. Мені үйінде жатқызып, шопырлыққа оқытып, жүргізуші куәлігін де өзі алып беріп, сосын мен ол кісінің шофері әлі шәкірті болып жүрдім. Еркелеп, кейде аудиториядан көрінбей кетсек, «анда-санда, қолдарың тигенде сабаққа келіп-кетіп тұрсандаршы, біз осында сабақ өтеміз ғой» дейтін марқұм ағам. 3-курста бізді Украинада өткен халықаралық театр студенттерінің фестиваліне апарды. Бізге қаржылай демеушілік жасап, барлық шығынымызды өзі көтерген болатын. Сонда біз Гран-при алып, ағайдың балаша қуанып, шаттанғаны әлі көз алдымда. Құдайберген аға жастардың кез келген қадамын өте қатты қолдаған үлкен ұстаз біз үшін!

Әсет ИМАНҒАЛИЕВ,
шәкірті, актер, Қазақстан Жастар одағы «Серпер»
сыйлығының лауреаты:

Шәкіртке ешқашан
дауыс көтермеген адам

Менің Құдайберген ағадан бір түйгенім, ол кісі ешқашан шәкіртке дауыс көтеріп ұрыспаған адам. Әрі ешкімді балағаттамаған. Жасыратыны жоқ, кейде ұйықтап қалып, сабаққа бармай қоямыз. Тағы бір жағдайларды сылтауратамыз дегендей. Бірақ ешқашан ол қателігімізді бетімізге басып қатты айтпайтын. Бір күні сабақ үстінде артқы партада отырған Бақыт ағайдың көзіне түспес үшін жамбастап алып ұйықтап жатыпты. Мызғып алайын деген болуы керек. Мен тура алдында сабақ айтып тұрмын. Бір кезде Құдайберген аға: «Әсет, жақсы, айналайын, жақсы, сен енді осы оқиғаны сол жағына қарай қисайып тұрып орындап берші», – деді. Мен түсінген жоқпын. «Неге десең, артқы жақта жамбастап жатқан Бақыттарға түзу көрінсін», – дегені. Сонда бұл кісі біздің ұйықтап отырғанымыздың өзін оқиғаға, әзілге айналдырып жіберетін. Құдайберген аға біздің мәңгі жүрегімізде.

ЖӘДІГЕР

ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН
ҒҰМЫРАлматы музейінде Қаныш Сәтбаевтың
125 жылдығына арналған көрме ашылды

Биыл белгілі геолог-ғалым, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толады. Осыған орай Алматы музейінде 18 желтоқсанға дейін жалғасатын «Ғылымға арнаған ғұмыр» атты көрме ашылды.

ҚР Ұлттық Ғылым академиясында орналасқан Қ.И.Сәтбаевтың мемориалды музейімен және 1999 жылы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімімен аталған Сәтбаев университетінің тарихи музейімен бірлесіп ұйымдастырылған көрмеде ғалымның жеке заттары мен мұрағаты ұсынылды.

Сондай-ақ, Қ.Сәтбаевтың Геология және металлогения саласындағы зерттеулерін қоса алғанда, қазақстандық ғылымды одан әрі дамыту үшін негіз болған ғылыми жетістіктеріне арналған мұрағаттық фотосуреттер, құ-

жаттар мен басқа да материалдар қойылды.

«Ұлы ғалым, ғылым мен мәдениеттің көрнекті қайраткері, қазақстандық геологияның негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арналған көрменің ашылу салтанаты өтті. Біз тұлғаны құрметпен қана қоймай, ғылымды дамытуды жалғастырып, жаңа жаңалықтар мен жетістіктерге ұмтылып, оның өзіне деген адалдығының үлгісінен шабыт алуымыз керек», – деп атап өтті Satbayev University-нің ректоры Ержан Күлдеев.

МУЗЕЙДЕГІ ДӘРІС



БОЙТҰМАР

былғарыдан, қымбат матадан, күміс кесектерінен жасалған

Алматыдағы ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде «Кастерлі зат – қамақты» тақырыбында музейлік сабақ өтті. Сабаққа қаламыздағы «Озат» ақылы мектебінің 5-сынып оқушылары қатысты.

Балалар музейдің коворкинг орталығында камшының қақтың салт-дәстүрінде, жөн-жоралғылары мен мәдениетінде алатын орны жайлы құнды ақпараттарға қанықты.

Оқушыларға арнайы дайындалған шағын кітапшалар берілді. Кітапша ішінде осы тақырып аясында түрлі сұрақтар мен сөзжұмбақ бар. Балалар берілген тапсырмаларға жауаптар жазып, сөзжұмбақ шеше отырып, «Қамшы» құпия сөзін тапты. Сабақ соңында этнография залында экскурсия жүргізілді.

Сонымен қатар, балаларға арналған «Жас шебер» шығармашылық үйірмесінде «Тұмар және бойтұмар» тақырыбында кезекті сабақ өтті.

Қазақ әшекейлері – ұлттық мәдениеттің бір бөлігі. Сәндік мәннен басқа, әшекейлер адамды зұлым күштерден, көз тиюден қорғайды деген ұғым бар. Тұмарды аналар қыздардың мойнына тағып, тіл-көзден және түрлі қиындықтардан қорғаныш ретінде тақтырған. Үш бұрышта нысанды тұмарды былғарыдан, қымбат мата немесе күміс кесектерінен дайындайды. Тұмардың тағы бір түрі – бойтұмар.

Үйірмеге қатысқан жеткіншектер тұмар, бойтұмар және өңіржиек сияқты әшекейлер қойылған экспозициямен де танысты. Экскурсиядан кейін балалар иллюстрация стилінде қазақтың ұлттық әшекейлерін суреттеді.

Әзірлеген Нұр-ЖАМАЛ

МАСЕЛЕ

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

ҚЫС МЕЗГІЛІ

сақтық шараларын күшейту маңызды

Алматы қаласы – Қазақстанның ірі мегаполистерінің бірі. Әсем табиғаты, тау бөктеріндегі керемет көріністері қала тұрғындарының мақтаншы болса, қыстың суық мезгілінде жылу, газ және қауіпсіздік мәселелері өзекті бола түседі.

Ернұр
РЫСБАЙ

Алып шаһардың күрделі климаттық жағдайы мен тұрғындардың тығыздығы бұл мәселелердің маңыздылығын арттырады. Қыс мезгілінде үйлердің жылыту жүйелерінің жұмысы, табиғи газды қауіпсіз пайдалану, пешпен жылыту кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау және су құбырларының қатуы секілді мәселелер қала әкімдігі мен тұрғындары үшін маңызды басымдыққа айналады.

Табиғи газ жауапкершілікті талап етеді

Алматылық тұрғындар үйлерін жылыту үшін табиғи газды пайдаланады. Табиғи газ экологиялық жағынан тиімді әрі экономикалық тұрғыдан үнемді болғанымен, оны дұрыс пайдаланбау қауіпсіздік мәселелерін тудырады. Қыста тұрғын үйлерде газдың ағып кетуі немесе оның дұрыс жанбауы салдарынан уланып қалу оқиғалары көп кездеседі. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын Алматыда газға байланысты ондаған оқыс оқиға тіркеледі. Мұндай жағдайлардың негізгі себептері: газ жабдықтарының дұрыс орнатылмауы немесе техникалық ақаулары, тұрғындардың қауіпсіздік ережелерін сақтамауы, желдету жүйесінің болмауы немесе дұрыс жұмыс істемеуінен туындайды. Сондықтан қала тұрғындарына қыс мезгілінде газ құрылғыларына аса мұқият болуларын және газға уланудан сақ болуларын сұраймыз.

Ақаусыз пеш – қауіпсіздік кепілі

Алматының кейбір шеткі аудандарында әлі күнге дейін орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылмаған үйлер бар. Бұл аймақтардың тұрғындары көмір, ағаш немесе басқа да отын түрлерін пайдаланып, пешпен жылытылады. Пешті дұрыс пайдаланбау кезінде түтіннің бөлмеге таралуы немесе көмірқышқыл газының жиналуы секілді қауіпті жағдайлар



орын алады. Пешпен жылытылатын үйлерде өрттің шығу қаупі де жоғары. Алматы Төтенше жағдайлар департаментінің деректеріне сәйкес, қыс мезгілінде тұрмыстық өрттердің 40%-ы пешті дұрыс пайдаланбаудан болады.

Су құбырыңыз қатып қалмасын!

Күн қатты суыған кезде Алматы тұрғындары үшін тағы бір маңызды мәселе – су құбырларының қатуы. Кейде ескі және жер бетіне жақын орналасқан құбырлар суық ауа райына төтеп бере алмай, жарылып кетіп жатады. Мұндай жағдайлар тұрғындарды ауызсудан уақытша айырып, ал оны жөндеу қосымша шығындар мен уақытты талап етеді. Мамандар құбырлардың қатуына олардың жеткілікті тереңдікке орнатылмауы, оқшаулау материалдарының сапасыз болуы немесе олардың мүлде қолданылмауы, ескі инфрақұрылымның заманауи стандарттарға сәйкес келмеуі себеп болатынын айтады. Қыста әбігерге түсіп, артық шығынға батқыңыз келмесе, күннің жылы кезінде барлық құбырларды тексеріп алғаныңыз дұрыс болады.

Алматы әкімдігі қысқы маусымда жоғарыда аталған мәселелердің алдын алу үшін бірнеше шараларды қолға алып-ақ жатыр. Дегенмен, бұл шараларға тек билік органдары емес, тұрғындардың да атсалысуы маңызды.

Газды қауіпсіз пайдалану бойынша ұсыныстар:
1. Техникалық қызмет көрсетуді қолға алу. Алматы тұрғындары газ қондырғыларының техникалық жағдайын жыл

Алишер ГИЗЗАТОВ, Медеу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты:



Профилактикалық жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады

Жылыту кезеңінің жоспарын орындау мақсатында Медеу ауданының ТЖБ қызметкерлері, 7-ӨСБ қызметкерлері, сондай-ақ Медеу ауданының әкімдігі аппаратымен бірлесіп тұрғын үй секторында профилактикалық жұмыс жүргіздік. Сонымен қатар, жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, көпбалалы және аз қамтылған отбасы сияқты халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын тұрғындармен «Көмек қолы» акциясын өткіздік. Профилактикалық жұмыс барысында көміртекті газ датчигі орнатылып, кейбір үйлердегі жылыту пештеріне жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, көмір жинауға көмек көрсетілді. Біз бұдан бөлек, әлеуметтік емес өмір салтын ұстанатын, алкогольді ішімдіктерге әуес адамдарға үгіт-насихат материалдарын таратып, оларға қауіпсіздік шаралары туралы айттық. Бұл бағыттағы жұмыс үздіксіз жүргізіле береді.

сайын тексертіп отыруы тиіс. Газ жабдықтары ескірген немесе ақаулы болған жағдайда, оны ауыстыру қажет.

2. Газбен жұмыс істейтін құрылғыларды дұрыс пайдалану маңызды. Тұрғындар газ плиталарын ұзақ уақыт қосулы қалдырмауы және тамақ пісіру кезінде бөлменің желдетілуін қамтамасыз етуі қажет.

3. Газ детекторларын орнату қажет. Бұл құрылғылар газдың ағып кетуін ерте кезеңде анықтап, үлкен апаттардың алдын алады.

ТҮЙІН: Қыстың суық мезгілі Алматы тұрғындары үшін көптеген қиындықтар тудырғанымен, оларды шешудің жолдары да бар. Қауіпсіздік шараларын сақтау, заманауи технологияларды қолдану және мемлекеттік органдар мен тұрғындардың бірлесе әрекет етуі арқасында қыс мезгілін қауіпсіз әрі жайлы өткізуге болады. Табиғи газ, пеш, от жағу және су қату мәселелерін дер кезінде шешу тек тұрғындардың өмірін ғана емес, қаланың жалпы әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді. Алматы қаласы қысқы маусымда ерекше камқорлықты талап ететін қала ретінде әрдайым тұрғындарының қауіпсіздігі мен жайлылығын басты орынға қоятыны маңызды. Қыста әрбір тұрғын қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтап, өз үлесін қосуы қажет.

ҚАЛА ТЫНЫШТЫҒЫ

ОНЫҢ ДОСЫ – РОЙЯ

Кинолог-маман сенімді серігімен Алматының тыныштығын күзетіп жүр



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Әліпбек Құрманбек Қарағанды облысының тумасы. 2018 жылдан бері алып мегаполисте орналасқан 5571 әскери бөлімінде қызмет етеді. Отан алдындағы борышын өтей салысымен, 2011 жылы келісім-шартпен 6505 әскери бөліміне қызметке орналасқан. Содан бері ұлт мүддесі үшін еңбек етіп келеді.

Ол ата-анасынан ізгілік, кішіпейілділік, мейірімділік, адамгершілік секілді қасиеттерін сіңіре білді. Сол кісілердің арқасында

Бүгінгі әңгіміміз Ұлттық ұланның Алматыдағы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында абыройлы қызмет етіп жүрген кинолог-маман, кіші сержант (топ бастығы), 5571 әскери бөлімінің 1-жедел мақсаттағы батальонының жауынгерлік қамтамасыз ету ротасының кинология қызметі мамандар тобының бөлініс бастығы Әліпбек Құрманбек жайлы болмақ.

қанаты қатайды, Отанға деген сүйіспеншілігі артты. Жалпы, өмірде адамдардың имандылығын, ұқыптылығын бағалайды.

Бүгінде қарамағында алты әскери қызметшісі бар кинология тобын басқарып отыр. Осы жолды

таңдағанына ешқашан өкінген емес. Ол қызметтік иті туралы айтқанда, тіпті жанып сала береді.

– Тоғыз жылдық қызметімде өзім жеке үйреткен үш итім болды. Қазіргі қызмет етіп жүрген итім – Ройя. Ол бельгиялық овчаркалардың малинуа деген түріне жатады. Кинолог болу – өте қызық кәсіп. Қызмет уақытымда өзіме бекітілген итімді жаттықтырамын, серуендетемін, күтіп-баптаймын, тұрған орнын тазалап, оның дұрыс тамақтануына көңіл бөлемін. Дегенмен, иттермен күнделікті жаттығу жасап тұру

қажет. Біз жаттығудың көбіне ойын әдісін қолданамыз. Тәтті беріп еркелетеміз. Ит өте сезімтал келеді. Ол иесінің көңіл күйін сезіп тұрады. Иесіне өте адал. Қазіргі қызметтік итім осындай жаттығулардың арқасында еңбегімді ақтап, адал қызмет етуде. Бірнеше республикалық жарыстардан жеңімді орындарды иелендік, – дейді кинолог-маман.

Қылмыскерді ұстауда, жоғалған адамды іздеуде немесе есірткі заттарын табуда оның да иті мықты ізкесуші. Мәселен, бірінші иті Барыс әскерге 8 жыл қызмет етіп, «зейнетке» шыққан. Неміс овчаркасы қызмет еткен жылдары түрлі қылмыстардың ашылуына атсалысты. Алматыға ауысқанға дейін сол итпен қызмет атқарды. Жақсы жағынан көзге түсіп, жарыстардан үнемі жеңімді орындарға ие болатын. Ол қызметтік ит патрульдік ізге түсуші ит еді. Қызмет барысында адам өлтіру дерегі бойынша қылмысты ашқан. Барыс қылмыскерді сол қылмыс жасалған жерден 800 метр қашықтықта тығылып отырған жерінен тапты. Иесі екеуі әскер көлемінде өткен жарыстарға қатысып, алғыр ит ретінде талай жеңімді алды.

Ал Ройямен екі рет жарысқа қатысты. Екі жарыста да үшінші орынға ие болды. Олардың бағыты жарылғыш заттарды іздеу-гін. Одан кейін Ройя есімді итпен топ бастығы болғанға дейін жұмыс істеді.

– Бұл иттер жарылғыш заттарды іздейді. Мұндай иттермен бірінші жұмыс істеген кезде біз итті алдымен күшік кезінен бастап таңдаймыз. Допқа қызығушылығы бар ма, тиіп қандай, соны ескереміз, іздейміз. Ол холерик пе, сангвиник пе, әуелі соны анықтаймыз. Екіншіден, үйрету барысында итті ойнату арқылы жұмыс істеп, оны қорқытып алмауға тырысамыз. Одан кейін жайлап иіске үйрету әдістерін қолданамыз. Ит бір жасқа толғаннан кейін жарылғыш заттардың иісіне қойылады. Мәселен, жарылғыш заттардың әртүрлі иісі бар. Төрт аяқты сенімді серік толық қызметтік ит болып саналу үшін 7-8 иісті толық сезіп ажырата білуі керек. Екі жасстан кейін осындай күтіп баптау үйретулердің нәтижесінде ит қызметке дайын болады, – дейді Әліпбек Құрманбек.

Кинолог кейіпкеріміз өзіне әрдайым қолдау көрсетіп жүрген отбасы туралы да мақтанышпен айтып өтті. Жұбайы Ақбөпе Бегімбетова екеуі 2013 жылы шаңырақ көтерді. Қазір екеуі екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр. Тұңғышы тоғыз жаста болса, кішісі сегіз айлық. Ата-анасы да үйдің ұйытқысы. Отбасында осындай береке-бірлік болғасын, түзде жүргенде көп алаңдамайды. Алматының тыныштығын күзетіп жүрген кинолог пен оның адал досы Ройяға әрдайым сәттіліктер серік болсын дейміз.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе, жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.
(Қазақстан халқына Жолдауынан),

АЛМАТЫ ҚАУІПСІЗ МЕКЕНГЕ АЙНАЛУЫ ТИІС

Жаһанның жайлы мегаполистері Токио, Вашингтон, Сингапурде тұрғындардың қолайлығы үшін барлық жағдай жасалған. Әсіресе, қоғамның тыныш өмір сүруі үшін қауіпсіздік барынша қадағаланады. Батыр Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп шегелеп айтқан. Олай болса, сіз бен бізге жайлы орта қайда? Әрине, қоғамның ұйысып тірлік қылуында деп білеміз. Кейінгі жылдары цифрлық даму алға шықты. Қоғамдық тәртіп күшейді. Бей-берекет заңды бұзу әбестік саналады. Әдейі істелген қисық әрекет жауапқа тартылатын болды. Кейінгі кездері Алматының қоғамдық тәртібі, қаланың қауіпсіздігі жіті бақыланып келеді. Мұндай оң өзгерістер Қазақ елінің дамуына өз септігін тигізері анық. Оңтүстік шаһар ең ыңғайлы өмір сүретін жұмақ мекенге айналғаны көңіл қуантады. Осы және өзге де сауалдар төңірегінде Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат ӘЗІРБЕКПЕН сұхбаттасқан едік.



Қоғамдық тәртіп – басты назарда

– Алматыда заң мен тәртіп бұзушылықтарға байланысты қазіргі нақты жағдай қалай болып тұр?

– Әрине, Алматы қаласының статусы ерекше болғандықтан, қаладағы қылмыстық ахуал мәселесі аса назарда тұр. Бүгінгі күні қаладағы жалпы криминогендік ахуал тұрақты және бақылауда деп айта аламыз. Сүйікті қаланың тұрғындар үшін жайлы қоныс болғаны бәріміз үшін керек дүние деп санаймыз. Сондықтан қаланың қоғамға тиімді әрі тыныш орта болғаны керек.

Полиция департаменті барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, ашуға және тергеуге бағытталған қажетті шаралар кешенін қабылдауда.

Ағымдағы жылдың тоғыз ай қорытындысы бойынша барлық желілер бойынша құқық бұзушылықтардың тіркеу саны 10,2 пайызға, қылмыстардың саны 15,2 пайызға төмендеді. Бұл жемісті жұмыстарды жалғастырып, халық игілігіне сай жұмыс жасалына беретін болады.

Цифрландыру процестері қарқынды дамып келеді

– Қауіпсіздік мәселелерін сақтауда «Сергек» және басқа да бақылау камераларының көмегі тиіп жатыр ма?

– Заман талабына сай, цифрландыру процестерінің қарқынды дамуымен Қазақстан полициясының да жұмысы бірқатар жақсы өзгерістерге ұшырады. Құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қылмыстардың бетін ашуда Алматы полициясы 150 мың бейнебақылау камерасының мүмкіндігін пайдалануда. Бейнебақылау жүйелері өте тиімді.

Қазіргі таңда Жедел басқару орталығында 45 мың 809 бейнебақылау камералары орнатылса, оның 25 мың 840-ы білім беру нысандарында орнатылған. Жыл басынан бері бейнебақылау жүйелерінің көмегімен 2 мың 183 қылмыс ашылып, 15 мың 310 қоғамдық тәртіпті бұзу дерегі анықталды.

Сондай-ақ, Алматыда қалалық бейнебақылау жүйесін нақты уақыт режимінде

басқаруға, болып жатқан оқиғаларға жедел жауап беруге, сондай-ақ тұлғаны тану функцияларын пайдалануға мүмкіндік беретін Бірыңғай бейнебақылау платформасы жұмыс істейді. Жалпы алғанда, жүйе жол қозғалысын басқарады және қауіпсіздік бейне-аналитикасының функцияларын орындайды. Жүйенің енгізілуімен қалада қылмыстылық жағдайы жақсарды. Бейнебақылау жүйесі қаланы қауіпсіз әрі тұрғындардың тұруына ыңғайлы етеді.

Заңсыз әрекеттердің жолы кесілді

– Бүгінде қауіпсіздік мәселесіне қатыс көңіл бөліне бастады. Бұл орайда мегаполисте қандай шаралар қолға алынып отыр?

– Есірткі қылмысы – қоғамымыздың жантүршігерлік дерті, соның кесірінен көптеген азаматымыз зардап шегуде. Қалада жүргізілген іс-шаралармен есірткінің заңсыз айналымына қатысты 676 құқық бұзушылық анықталды.

Сонымен қатар, 1 тоннадан астам есірткі, оның 76 келісі синтетикалық есірткі тәркіленіп, заңсыз айналымға жіберілген жок. Синтетикалық есірткілер шығаратын 20 зертхана жойылды. Сонымен қатар, синтетикалық есірткіні контрактісиз әдіспен, электронды төлемдерді пайдалана отырып, интернет арқылы тарату үрдісі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Өткен жылмен салыстырғанда биыл 99 бетбелгі қоюшы ұсталды.

Жалпы, жедел-іздістіру шараларымен қатар нашакорлықтың алдын алу және халықтың есірткіге қарсы иммунитетін қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Аткарушы билік органдарымен бірлесіп, қаланың білім беру ұйымдарында есірткіге қарсы 700 профилактикалық іс-шара (наукандар, семинарлар, дөңгелек үстелдер) өткізілді.

Есірткі құралдарының таралуы туралы мәліметтері бар 10 мың граффити-суреттері табылды және үстінен бояп тастау арқылы жойылды. Есірткіні таратумен және жарнамалаумен айналысатын 455 интернет-сайт анықталып, бұғатталды. Қоғамдық орындарда 8 метро бекетіндегі

42 мониторда және 129 лэд-экранда анонимді сенім нөмірлері бар әлеуметтік роликтер көрсетілуде.

Өз мүлкімізге немқұрайлы қарамайық

– Тәртіп бұзушылықтарды болдырмау тек айыппұл салу арқылы ғана шешіле ме, әлде оның басқа да жолдары бар ма?

– Жылдың басынан бері Алматыда 6 мыңнан астам ұрлық дерегі тіркелді. Өткен жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 32,5% төмен, яғни азаматтар сақтық шараларын танытуда деген сөз. Ең көп жасалатыны – ұялы телефондарды ұрлау және қалта ұрлықтары болып табылады. Бұған кейбір азаматтардың өз мүлкіне немқұрайлы қарауы бірден-бір себеп.

Жол-көлік оқиғаларының көбеюінің басты себептерінің бірі – жолдарда баламалы көліктер – мопедтер мен электросамокаттардың пайда болуы. Олардың саны күн санап артып келеді. Орташа есеппен бойынша, Алматыда 20 мыңнан астам мопед бар. Жыл басынан бері мопед жүргізушілері 743 жол-көлік оқиғасын жасап, 757-сі зардап шекті, 14-і қайтыс болды, ал самокат жүргізушілері 103 ЖКО жасап, 109-ы зардап шекті, қаза болғандар жоқ.

Қалада 5 мыңнан астам дананы құрайтын жекені қоспағанда, 15.800 бірлік самокатты жалға беретін 3 кикшерингтік компания жұмыс істейді.

Алдын алу мақсатында Департамент Әкімдікпен, сондай-ақ кикшеринг компанияларымен және мотоцикл мектебімен бірлесе отырып, жұртшылықтың назарын жол қозғалысы қауіпсіздігіне, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға, электр самокаттарды, мопедтерді және мотоциклдерді дұрыс және қауіпсіз жүргізу біліктіліктерін арттыруға аудару мақсатында «ERKIN KOZGALYS» науқанын өткізді. Мопедистер мен самокаттар жиналатын жерлерде 8 мото-экипаж патрульдеу жұмыстарын жүргізеді. Күн сайын блогерлер мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен рейдтік іс-шаралар өткізіледі.

Дәлірек, 31.894 мопедист әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 1.700-ден астам мопед мамандандырылған

айыппұл тұрағына қойылды. Самокат жүргізушілеріне қатысты 28.762 әкімшілік хаттама толтырылып, 100-ден астам ата-ана балаларына самокат мен мопед жүргізуге рұқсат бергені үшін жауапқа тартылды.

«Киберпол» мамандандырылған тобы құрылды

– Қаладағы «Сервистік полиция» жұмыстарының қандай көмегі тиіп жатыр?

– Биылғы жылдың басынан бері Алматыда 1,5 мың интернет-алаяқтық тіркелді. Келтірілген шығын көлемі 3 миллиард теңгеден асты.

Алматы қалалық ПД-де интернет-алаяқтық деректерін тергеу үшін «Киберпол» мамандандырылған тобы құрылды және жұмыс істейді.

Басқа мемлекеттік органдармен, қаржы мекемелерімен және жеке сектормен өзара іс-қимылды күшейтуге басты назар аударылады.

Әлеуметтік инженерияға негізделген телефон алаяқтығы артып келеді. Ойдан шығарылған банк қызметкерлері мен құқық қорғау органдарының алдап-арбауының әсерінен аңғал азаматтар жинаған қаражатынан айырылып, өздері төлей алмайтын несиелерді алады.

Алматы қаласы бойынша Киберқылмыспен күрес басқармасының қызметкерлері ағымдағы жылдың 9 қыркүйегінде Алматы қаласында жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу барысында, азаматтарға жоқ инвестициялық жобаларға ақша салуды ұсынған интернет-алаяқтықпен айналысқан 4 алаяқтық байланыс орталығы жойылды. Сондай-ақ, ағымдағы жылы 63 адам ұсталып, 600-ден астам интернет-алаяқтық эпизодтары дәлелденді.

Бүгінгі таңда ең тиімді профилактикалық шара – азаматтардың ақпараттық-құқықтық сауаттылығын арттыру. Сондықтан сақтық шараларын халыққа жеткізу бойынша ауқымды жұмыстар атқарып жатырмыз. Биылдың өзінде бұқаралық ақпарат құралдарында 200-ден астам профилактикалық материал жарияланды.

«Киберпол» қызметкерлері Алматы қаласында орналасқан екінші деңгейлі банктерге жүйелі түрде барып, есеп айырысу қассалық бөлімшелерінде профилактикалық ақпараты бар ақпараттық-түсіндірме буклеттер таратады және желілік кеңістікте алаяқтық әрекеттердің алдын алуға бағытталған әңгімелер жүргізеді.

«Киберпол» қызметкерлері соңғы бағдарламалық және аппараттық жүйелермен қаруланған, олардың көмегімен интернет-қылмыскерлер анықталып, алаяқтық әрекеттерге күдікті банк шоттары мен интернет сайттары тез бұғатталады.

Алматы қаласында орналасқан интернет-алаңдардың, шағын несие ұйымдарының және екінші деңгейлі банктердің, сондай-ақ ұялы байланыс провайдерлерінің өкілдерімен жұмыс кездесулері өткізілуде, онда проблемалық мәселелер талқыланып, айырбастау және қабылдаудың жедел арнасын құру, сондай-ақ халықты алаяқтықтың алдын алуға және оған қарсы тұруға тарту қарастырылуда.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ



Қазақ хоккейі:

КҮНГЕЙІ МЕН КӨЛЕҢКЕСІ

Осыдан 20 жыл бұрын Қазақстан чемпионатының жүлдегері атанған
«Алматы» командасы жанкүйерлер үмітін ақтай ала ма?

Мегаполисте хоккей бірнеше рет жанданды. «Еңбек» клубының бастауында тұрған аты аңызға айналған Вадим Куликов кезінде тек мұзда ғана емес, жоғары лауазымды басшылардың кабинеттеріне де еркін кіріп, қазақ хоккейінің болашағы үшін күресуге мәжбүр болған еді. Бұл күндері 80 жасқа толып отырған ардагерді әңгімеге тарттық.

— Мен Қазақстанды жақсы көремін, — деп бастады әңгімесін Новосибирск қаласының тумасы. Осында 18 жасымнан тұрамын. Алматы менің екінші үйім болғалы қашан. Алманың иісі, қала көшелеріндегі арықтарды бойлай аққан су сыбдыры мен шаһар тұрғындарының мейірімді жылы жүзі әлі күнге дейін есімде. Бұл қаланың адамдары аккөніл. Достарым көп. Бүгінгі Балұан Шолақ атындағы Спорт сарайы 60–70-жылдары «Юбилейный» деп аталатын. «Еңбек» атты сүйікті командасы мұнда қарсыластарын «киратқан» кезде жанкүйерлердің қолдау-қуаттауы ерекше еді. Мұның бәрі менің тағдырымда шешуші рөл атқарды. Маған көп ұсыныс түскен, ешқайсысына келісім бермедім. «Химикке» (Воскресенск), Мәскеудің «Спартак» пен «Динамо» командаларына, Рига клубына және тағы спорт клубтарына шақыртулар келді. Бармадым. Сол үшін еш өкінген де емеспін. Бір әттеген-айы, «Алматы» командасының ойынына санаулы ғана жанкүйерлер келетін. Біз одан да зор құрметке лайықпыз. Өйткені, қазақ хоккейінің тарихы тереңде жатыр...

АЛҒАШҚЫ КОМАНДАМ — «АВТОМОБИЛИСТ»

— Әңгімеміздің әлқиссасын Алматыдағы хоккей спортының негізін қалаған тұлғалардан бастасaq...

— Қазақстанға 60-жылдардың ортасында келдім. Мені Өскеменге «Торпедо» сапында ойнауға шақырды. Бес жылдың ішінде зауыт командасының аты КСРО аумағына кеңінен таныла бастады. Ол кезде ойыншыға деген құрмет зор еді. Зауыттағы кез келгені әр хоккейшіні жатқа білетін. Оның үстіне, біздің бәріміз 6-разрядтағы аппаратшы боп жұмыс істейміз. Айлық жалақымыз 145 рубль. Ол кезде біз үшін бұл көп ақша сияқты көрінді. Солай 1967 жылы Минскіде өткен жиынға бардық. Сол жиында алматылық команданы алғаш көрдім. Команданың аты «Автомобилист» екен. Бірақ ойыны онша көңілден шықпады. Команданың жігіттерімен әңгімелесе келе, құрамның енді қалыптасып жатқанын білдім. Ол кезде болашақта дәл осы клубтың ойыншысы болатынымды білмедім.

Бірде мені «Еңбектің» жаттықтырушысы Юрий Саль байқап қалып, ашық айтқаны бар:

«Менімен Алматыға жүр. Бірден пәтерінді берем, 160 рубль жалақыңды төлеймін. Оған қоса, 100 рубль қосымша беремін», — деді.

Мұндай ұсыныстан кім бас тартсын, бірден келісе кеттім. Сондай-ақ, Қазақстанның астанасында Спорт сарайы салынғанын естігенім бар. Спорт сарайының ол кездегі



атауы «Юбилейный» еді (бұл атау Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығына тұспа-тұс келген соң берілді).

Алматыға келгеніме еш өкінім бе. Өскеменнен кейін Алматы маған жердің жұмағындай көрінді. Көшелері жасыл желекке оранған қала екен.

«Автомобилист» командасы «А» сыныбының екінші лигасында өнер көрсетті. Оның ойынына сатылым болды. Тіпті, спорт жетекшілерінің өздері хоккейшілердің өз жеріндегі жекпе-жегін жіберіп алмауға тырысатын. Осылайша мен Қазақ КСР спорт комитетінің төрағасы Қаркен Ахметовпен, оның орынбасары Октябрь Жарлықаповпен және Колебаевпен (оның есімі есімде жоқ) таныстым.

Ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бір кураторы болды. Өз ісін жақсы көретін керемет адамдар еді. Бірінші жылы хоккейшілер бес пәтер алды. Жалақы жағынан да ешқандай мәселе туындамады. Команданың құрамы Новокузнецк, Свердловск, Новосибирск пен КСРО-ның басқа да қалаларынан шақырылған ойыншылармен күшейе түсті. Менімен бірге Өскеменнен жерлесім Эдик Петровский де келді. Бірақ ол екі жыл тұрып, кетіп қалды. Ал мен қала бердім. Сол құрамда ойнаған Алексей Огай, Владимир Лобанов, Валерий Михеев, Владимир Кожевников, Александр Усов, Сергей Соколов және тағы басқалары жайлы жиі еске аламын.

Біздің құрам мықты еді. Бізбен ойнауға да кіл мықтылар келетін. Олар әйтеуір бір ұпай алса, соған қуанатын. Өйткені, көбіне ұпай алуға да шамалары жетпей, үйлеріне қайтатын. Сол жылдары бірінші маусымда «Автомобилист» бірден екінші лигада үшінші орынды иеленді. Бұл — біз үшін алғашқы үлкен жеңіс болды. Ал 68–69 маусымда біз сыныптың 2-ші тобында екінші орынға ие болдық. Бір жылдан кейін сыныбын жоғарылату құқығымен бірінші орынға ие болдық.

МАҒАН ҚАЗАҚТЫ ТАБЫҢЫЗ...

Дәл осы кезеңде біздің құрамда Райхан Куканов пайда болды. Ол ойыншыны қайдан әкелгенін білсеңіз ғой?! Орскіден! Сол кезде біздің командада бірде-бір қазақ болған жоқ. Автокөлік министрінің орынбасары Расыртанов Самет Қадырұлы өтінімдерге қол қойып отырып, бірден шу көтерді. Жергілікті жігіттердің ішінде негізгі құрамның ойыншысы болатын адам жоқ.

Сөйтіп, олар КСРО хоккей фе-

дерациясына, Мәскеуге қоңырау соғады. Ол жақтағы қызметкерлер барлық командалардың құрамын қайта қарап, «Орскіге» өтінім берген Райхан Кукановты табады. Райханға барлық мән-жайды түсіндіріп, шақырады. Жоғарыдан бұйрық келген соң, бағынбауға болмайды. Сөйтіп, аяқастынан менде қорғаныс шебінде жаңа серіктес пайда болды. Кейін жақсы араласып, дос болып кеттік. Әлі күнге дейін қал-жағдайымызды сұрасып, хабарласып тұрамыз. Райхан туралы тек жақсы естеліктер бар. Ол нағыз шебер, күрескер әрі сенімді серіктес бола білді. Қазір Қарағанды облысында тұрады. Біздің қуанышымыз ұзаққа созылмады. Лопухин министрліктен кетті, оның орнына келген жаңа басшы ойланбастан «маған хоккей керек емес!» деді. Тексерулер жүргізді. Комиссия тырнақ астынан кір іздеп, әр нәрсеге шүйлікті. Тек Сергей Иванович Понкратенко бізге қолдау білдіріп, өз қарамағына алды. Осылайша біздің құрам Автомобиль министрлігі ведомствосынан шығып, атауын «Еңбек» деп өзгертті.

Айтпақшы, Сергей Ивановичпен біз Өскеменнен таныс едік. Ол сол кезде облыстық атқару комитетінің бөлім меңгерушісі болатын. Өзара тығыз қарым-қатынас орнаттық. Дәлірек айтқанда, жаттықтырушымыз Сальмен жақсы араласқан соң, команда капитаны мені де өзіне жақын тартты.

САЛЬ БІЗБЕН АЯҒЫНА ДЕЙІН БОЛДЫ

— Енді «Автомобилистің» бапкері Юрий Саль туралы білсек деп едік. Ол Свердловскіден келіп, жергілікті команданы жоғары лигада шығарды. Оның жұмыс орнын өзгертуіне не түрткі болды?

— Бұл туралы өзінен ешқашан сұраған емеспін. Бар білерім, ол өте білікті жаттықтырушы болды. Шынымды айтсам, бастапқыда оның спортшыларға қатал болмауының мәнін түсіне алмаған едім. Бірақ уақыт өте келе оның да өз себебі барын білдім. Ішкі тәртіпке бағынбаған, жаттығуға сирек келіп немесе үнемі кешігетін ойыншыларды қаржылай жазалау арқылы, ең алдымен, оның отбасына қиянат жасайтынымызды түсіндім. Өйткені, әрқайсымыздың әйел, бала-шағамыз бар. Кейбір отбасылар тар баспанада өмір сүрді.

Сальдың ұйымдастырушылық қыры жақсы еді. Онымен қалалық атқару комитетіне бірге еріп барып жүрдім. Ол да мені өзімен бірге әдейі ертіп жүреді екен. Оның кәсі-

би түрде дипломатиялық қарым-қатынас жүргізуі менің өміріме де оң әсерін тигізді. Мен қаланың біраз басшыларын білетін едім. Тіпті, облыстық атқару комитетінің төрағасы Семен Дмитриевич Елагиннің кабинетіне де кіруге рұқсатымыз бар еді. Әр келгенімізде біздің аузымызды ашқызбай-ақ: «Бұл жолы қандай мәселемен келдіңдер?» дейтін. Айтатын мәселе көп еді. Біреуге баласын балабақшаға орналастыру керек, келесіге жұбайын жұмысқа тұрғызу керек деген сияқты мәселені бірден шешіп беретін. Ал тұрғын үй мәселесі күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Семен Дмитриевичтің көп көмегі тиді. Кейін оның КОКП ОК жанындағы партмектепте Леонид Брежневпен бірге оқығанын білдім.

— «Еңбекті» неге таратып жіберді?

— 1974 жылдың көктемі. Біз 1970 жылдан бірінші лигада ойнап жүрдік. Турнир кестесінде екінші орында тұрдық. Бір кезде: «Спорт сарайында мұз болмайды. Сол себепті, ойынды Өскеменде өткізесіңдер» деді. Себебін де түсіндірді. Айтуларына, Владимир Ильич Лениннің 100 жылдығы тойланады-мыс. Спорт сарайы әртістердің дайындық жүргізгеніне керек екен. Біз Шығыс Қазақстанға жол тарттық. Көңіл күйіміз жоқ, ары қарай өзара келіспеушіліктер туындап, команда ыдырап кетті. Біз жігіттерді көндіруге тырыстық, бірақ ешқайсысы құптамады. Солай біртіндеп ұтыла бастадық, ақыр аяғында турнир кестесінде соңғы орынға табан тіредік.

— Соған қарағанда, республиканың спорт басшылығы да бұл жағдайға көз жұма қараған сияқты ғой?

— Өтпелі кезең деп аталатын дәуір болды. Қаркен Ахметовтың мансабы өсті, қазан айында Жарлықапов қайтыс болды. Жаңа адамдар келді. Республиканың спорттық ұйымына жаңа басшы келді. Ал Сергей Иванович Понкратенко Мәскеуге оқуға кетті. Осы сәтті тиімді пайдаланған жаңа басшылық құрам Мәскеуге жеделхат жіберіпті. Ол хатта «Қаржылық мәселеге байланысты «Еңбек» командасы КСРО чемпионатынан шығарылады» делінген екен. Сонымен, бәрі бітті. 25 адам жұмысыз қалдық. Жанкүйерлер де бұл жағдайды ауыр қабылдады. Десек те, Саль бізбен бірге соңына дейін болды. Жігіттер жан-жаққа тарап кетті. Мен Өскемен командасында ойнауға шақырту алдым.

Кейін Петропавл командасының жаттықтырушысы Анатолий Павлович Чегодаевтан әрі ойыншы әрі жаттықтырушы болу туралы шақырту алдым. Бірнеше жыл жергілікті «Құрылысшыда» ойнадым. Сөйтіп, бірде солтүстік өңірге Ақбаев келіп, Чегодаевқа республиканың Еңбек сіңірген бапкері төсбелгісін табыстады. Әлі есімде онымен суық амандастым. Ол біраз кідірді де, Алматыға оралуымды, шет жақтағы мансабымды аяқтап, қалаға көшуімді сұрады. Басында қалжындап тұр екен деп ойлады. Бірақ мұндай дәрежедегі адам өтірік айтпауы керек қой. Күш-жігерімді жинап, команда құрыла ма деп сұрадым. Ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Алматыда команданы жандандыру туралы шешімі бар екенін айтты. Камалиденовтың өзі қол қойған екен. Ол кезде ол Орталық Комитет хатшысы болған сияқты.

Мен Алматыға келе сала Федерацияның хатшысы Миша Лопухинге барып: «Кел, көмектес»

дедім. Ол немқұрайлы қабылдады, аса жақтыра қоймады. Содан кейін бұл мәселе бойынша Борис Ержанов басқарған Минмонтажтжспецстройда кеңес өтті. Оның ұйымы команданың кураторы болып таңдалды. Құрамында Құлыбаев, Жаркешев, Мелов, мен және басқалар болды. Ұзақ талқыланды. Алайда, хоккей жасағын ұйымдастыруға ешкімнің ынтыасы жоқ екенін түсіндім.

Оған қоса штаттық кестені дұрыс құру керек болды. Әр тиынымыз санаулы еді. Жалақымыз, спорттық жабдыктар сатып алу, спортшылардың тұратын жері, тамағы және т.б. Бұл жұмыстың бәрі маған артылды. Мен бірден облыстық Кәсіптік одақтар кеңесі бас бухгалтеріне бардым. Мені мұқият тыңдап болған Халида Рахматуллақызы: «Сіздің қаржылық мәселеде тәжірибенің аздау. Міне, Сізге «Қайрат» ФК қаржылық жоспары. Осыны зерттеп, сол жоспарға сүйеніп отырып, өзіңіздікің жасаңыз» деді. Кеттім. Қаржылық құжатты бірнеше күн зерттеп, соның негізінде өз құжатымды жасадым. Сөйтіп, тағы да Халида Рахматуллақызына бардым. Ол менің жоспарыма қарады да, бірнәрселерді сызға бастады. Бәрін өзгертіп тастады да: «Қолыңыздан келеді екен ғой» деді.

ЖАС ҚАСҚЫРЛАР

Осылайша бізге кәсіподақтар арқылы қаржыландыру ашылды. Бұл ақша Борис Ержановтың ұйымына жіберілді. Оның бухгалтерлік есебі арқылы біз ақша алдық. Құрылыс ұйымына 35 ойыншы орналастырылды. Мен Өскеменге ойыншыларды тартуға бардым. Бақытымызға орай, мансабымызды бірге бастағандар жаттықтырушы болып жұмыс істей бастады. Тағы бір қуанғаным, мен үлгеріп келіппін. Тағы бір-екі күнге кешіксем, олар мықты деген ойыншыларды алып кетеді екен. Хоккей ойынының нағыз хас шеберлерін жинап алыпмын. Олардың есімі әлі күнге дейін әуесқой жанкүйерлердің есінде жүр. Бұл Белявский, Соломатов, Филиппов, Кожевников, Шатов, ағайынды Фукс, Сидоренко, Старыгин, Бородулин. Сондай-ақ, мәскеулік «Динамода» өнер көрсеткен хоккейші Леонов. Ол КСРО құрамасында да ойнаған еді. Ол Алматыға ауырып оралды. Мен оның қайта аяғына тұруы үшін не істемедім десенізің. Ол жігіт өзінің бар өнерін «Еңбекте» көрсетті. Сол команданың ең мықты мүшесі болды. Одақтағы басқа жігіттер «Жас қасқырлар» деп аталды.

ЖАҢА БУЫН

— 2000 жылдары Алматыда хоккей қайта жанданған сияқты?

— Бұл елде алғашқы чемпионат өткен жылдар. Біздің мегаполистің бұл жарысқа қатыспасына болмады. Екінші мәселе, бұл — егеменді еліміздің хоккейшілері Нагано Олимпиадасында (1998) сәтті өнер көрсеткеннен кейін елде жаңа серпіліс пайда болды. Сол кезде Олимпиада чемпионы Борис Александровтың басшылығымен қазақстандықтар әлемнің үздік сегіз құрамасының қатарына енді. Әр уақытта команданы бірнеше адам басқарды. Бір рет қана «Алматы» командасы ҚР чемпионатының жүлдегері атанды. Бұл — 2003 жылы болды. Содан бері 20 жыл өтті. Мегаполис командасы абыройлы тұғырға көтеріле алмады. Маман ретінде айтарым, қалада балалар хоккейіне дұрыс көңіл бөлінбейтінін байқадым...

Сұхбаттасқан
Әлім
АНАПИЯНОВ.





QATAR TRAVEL MART 2024

«ЕҢ ҮЗДІК
ТУРИСТІК БАҒЫТ»

Алматы Катарда өткен халықаралық туристік көрмеде жеңімпаз атанды

Катар астанасы Дохада өткен Qatar Travel Mart (QTM 2024) халықаралық туристік көрмеде Алматының стенді ұсынылды. Үш күндік көрмеге 60-қа жуық ел қатысып, іс-шараны 12 мыңнан астам адам тамашалады. Көрмеге келген қонақтар Алматыны туристік бағыт ретінде жоғары бағалады.

Алматы стендінде өңірдің табиғи сұлулығы мен мәдени мұрасы таныстырылды. Қонақтар ұлттық тағамдардан дәм татып, дәстүрлі қазақ киімдерін киіп көруге және т.б. жақыннан танысу мүмкіндігіне ие болды. Көрме қорытындысы бойынша Алматы «Ең үздік туристік бағыт» номинациясында жеңімпаз атанды.

Алматыны Visit Almaty орталығы, 6 қазақстандық туроператор және «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты таныстырды. Қазақстандық және шетелдік туроператорлар арасында 100-ден астам B2B кездесу өткізіліп, қалаға 13 мыңнан астам шетелдік туристің келуін көздейтін 44 келісімге қол қойылды. Бұл келісімдер іскерлік байланыстарды нығайтуға және Алматыдағы туристік лекті арттыруға бағытталған халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етпек. Бүгінгі таңда Доха мен Алматы арасында тікелей әуе рейстері бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

МЕГАПОЛИС

Орталық Азияның гастрономиялық астанасына айнала ма?

Алматы туризм бюросы «Алматы – Орталық Азияның гастрономиялық астанасы ретінде: туристер үшін жаңа мүмкіндіктер» атты баспасөз мәслихатын ұйымдастырып, қаладағы туризмнің қазіргі жағдайы туралы баяндады.

Досбол
АТАЖАН

Алматы туризм бюросының мәліметінше, қазіргі уақытта мегаполисте 2000-нан астам қоғамдық тамақтану нысаны жұмыс істейді, оның ішінде мейрамханалар, кафелер және асханалар бар. 2021 жылдың алғашқы жарты жылдығында тамақтану орындарынан түскен салық көлемі 1,8 млрд теңге болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш екі есе өсіп, 3,4 млрд теңгеге жетті. Ал 2023 жылы одан әрі артып, 7,1 млрд теңге болды. Осы жылдың алғашқы жарты жылдығында салық түсімдері – 12,7 млрд теңге болды. Almaty Tourism Bureau PR-менеджері Жанар Нұрлыбектің айтуынша, бұл тұрақты оң динамиканың жалғасып жатқанын дәлелдейді.

– Көшпелі халықтардың дәстүрлі тағамдары, оның ішінде қазақ халқының асханасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристер арасында танымал болып келеді. Жан-жақтан келген саяхатшылардың ас таңдауы әртүрлі. Дегенмен, біздің асханамыздың ерекше және бірегей дәмі, айрықша тартымдылығы бар. Әрбір қонақ қазақ асханасынан өзіне ұнайтын тағамды таба алады. Туристер Алматы мейрамханаларында мол таңдау бар екенін және жергілікті халықтың қонақжай екенін баса айтып келеді. Бұл Алматының



табиғаты керемет қала ғана емес, сондай-ақ гастрономиялық орталық екенін айқын дәлелдейді, – деді ол.

Сондай-ақ, туризм бюросының өкілі Алматының гастрономиялық әлеуетін дамытуда атқарылған негізгі жобалардың бірі – Almaty Crossroads болғанын атап өтті.

– Бұл бірегей алаң әлемдік деңгейдегі, Michelin жұлдыздарына ие аспазшыларды, урбанистика мен мәдениет саласындағы сарапшыларды және туризм мамандарын біріктірді. Іс-шара қонақжайлылық индустриясы үшін маңызды қадамға айналып, әлемнің ең беделді ұйымдарының, соның ішінде The World's 50 Best Restaurants, Condé Nast Traveler және басқа халықаралық басылымдардың редакторларының назарын аударды. Almaty Crossroads Алматының гастрономиялық туризм және инновациялар орталығы ретінде имиджін нығайтудың катализаторы болды десек, артық айтпаймыз, – деді Жанар Нұрлыбек.

Ал АБР-дің білім беру бағдарлама-

лары бөлімінің басшысы Жанна Бахмутованың айтуынша, Италияның ең танымал телеарналардың бірі – RAI 1 эфирінде Алматының Көк базарымен тікелей байланыс көрсетіліп, тарихы тереңде жатқан сауда нүктесінің Алматының символына айналғаны жайлы әңгіме өрбітті.

– Қазіргі уақыттағы негізгі мақсат – Алматының гастрономиялық астана ретінде дамыту үшін туристерге арналған гастро-гидті жарыққа шығару. Бұл жоба Алматының көп мәдениеттілігін, сонымен қатар жасашылықтар мен салт-дәстүрді біріктіретін ерекше алматылық көңіл-күйді сезінуге мүмкіндік береді. Гид қала бойынша гастро-экскурсияларға арналған дайын сценарийлерді, сондай-ақ асхананың әртүрлілігі мен дәмдерін көрсететін мекемелер тізімін қамтитын болады. Қорытынды бөлімде ерекше кеши асқа арналған идеялар ұсынылатын Out of Box рубрикасы болады. Жоба жақын арада жарық көреді – деді ол.

ПАТРИОТИЗМ

Жас өрендер – жауынгерлік жарыста

Алматыда Наурызбай ауданының жоғары сынып оқушылары арасында әскери-қолданбалы спорт түрлерінен жарыс өтті.

Айнабай
МӘДИ

Жас өрендерді жігерлендірген әскери-спорттық сайысты Amanat партиясы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша Шекара басқармасымен бірлесіп ұйымдастырды. Ерлікке, мәрттікке бастар мәренің мақсаты – жас буынды отаншылдыққа баулу, Отан қорғауға тәрбиелеу, олардың бойына бабадан қалған жауынгерлік рухты сіңіру. Әскери-патриоттық жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Айдос Сарым құттықтау сөзінде мұндай маңызды шараның Алматыда ғана емес, бүкіл елімізде өткізіліп жатқанын мәлімдеді:

– Осы орайда, елімізде жеткіншектерді жауынгерлік даярлыққа бастайтын «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары жұмыс істейді. Әлбетте, біздің әскеріміздің әлеуетті болуына алдымен, жауынгерлік өмірге дағдыланып, әскери өнерге машықтанған жастардың күш-жігері қажет. Біз армияға жауынгерлік әзірлікпен барған жастардың көп болғанын қалаймыз. Жастардың жауынгерлік жүріс-тұрысқа бейімделуі, қаруды жылдам бөлектеп-құрастыруды меңгеруі, отты қарумен нысанаға дөп тигізуге осы бастан дайын болуы – ертеңгі ел қорғау жолында алдынан шығатын міндеттер. Бүгінгі бастапқы әскери дайындықтан тыңғылықты өтуді ертеңгі күні армиямызда қалтқысыз қызмет ететін сарбаздың бастапқы батыл қадамы деп бағалауға болады. Мына жарысқа қатысушылардың арасында ертеңгі сарбаз да, сардар да болуы мүмкін. Әскерде қызмет ету – мәртебелі мамандыққа ие болу. Бұған мемлекетіміз де барынша жағдай жасауда. Бауыржан Момышұлы



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

атамыздың «Тәртіпке бас иген құл болмайды» деген мол мағыналы сөзі бар. Жас өрендер осыны жадына сақтағаны жөн, – деді еліміздегі жоғары заң шығарушы орган өкілі, Мәжіліс депутаты Айдос Сарым.

Үлкен де, кіші де қолында ұялы телефон ұстаған бүгінгі заман – ғаламтордың ғасыры. Ақпарат ағыл-тегіл болғанымен, жас өрен – оқушы содан өзіне, сабағына пайдалысын іріктеп алуы тиіс. Білім аламын, ізденемін деген жас тәрбиелі әрі оқуға ынтық болуы керек. Жастардың әскерге барыныша даярлықпен баруына мынадай жауынгерлік-спорттық сайыстың әсері мол. Олардың әскерге деген сеніміне селкеу түспеуі тиіс.

Сонымен, аталған сайыс мәресіне жетті. 113 алматылық жасөспірім қатысқан жарыс нәтижесі мынадай: Гран-приді қаламыздағы Рахым Сәрсенбин атындағы №192 мектеп командасы жеңіп алды. 1-орын №174 мектеп-гимназияның жас жауынгерлеріне бұйырса, екінші және үшінші жүлдеге №208 мектеп-гимназия мен №187 мектеп командалары ие болды. Жарыстың барлық жеңімпазы мен жүлдегеріне демеушілер тарапынан диплом мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

МӘСЛИХАТ

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫ

Алматыда 2025 жылы туристерді көптеп тарту үшін тау инфрақұрылымын дамыту жалғасады. Бұл жайында Алматы қаласының Мәслихаты хабардар етті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматы саяхатшылар үшін жаңа мүмкіндіктер жасап, халықаралық туристік индустриядағы мәртебесін нығайта отырып, туристік әлеуетті дамытуды жалғастыруда. 2025 жылы Алматыда таулы және қалалық инфрақұрылымды дамытуға 697,4 млн теңге бөлінеді.

2025–2027 жылдарға арналған бюджеттің тиісті жобасын Алматы Мәслихатының алдағы сессиясында қарау жоспарлануда. Бұл туралы қалалық Мәслихаттың баспасөз қызметі хабарлады.

Жоспарда навигациялық объектілері бар 10 тау маршруттарын құру, жету қиын жерлерде күн панельдері бар 3 кемпинг-аймақтарды жайластыру, «Алма-Арасан» термалды көзін реконструкциялау, туристік объектілердің тактильді үлгілерін дайындау, ақпараттық орталықтарға, тотемдер мен терминалдарға қызмет көрсету бар. Бұл іс-шаралар Алматының бірегейлігін, оның мәдени және табиғи көрікті жерлерін, сондай-ақ туристік өнімдердің алуан түрлілігін көрсетеді.

Тау соқпақтарының бойында 367 ақпараттық белгі, 15 беседка, 66 орындық, 6 демалыс платформасы, 4 көпір орнатылған. Барлық элементтер ауа райының қолайсыздығына төзімді жоғары балкитын болатын қоса алғанда, беріктігі жоғары материалдардан жасалған. Вадалдарға қарсы конструкциялар қолданылды, бұл инфрақұрылымның ұзаққа төзімділігі мен беріктігін, тіпті қарқынды жұмыс кезінде де қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздікке ерекше назар аударылады:



Сурет: www.gov.kz

өзендер арқылы берік өткелдер салынды, сонымен қатар маршруттар физикалық дайындығы әртүрлі адамдарға бейімделді. Жұмыстар қала тұрғындары мен қонақтары арасында осы бағыттардың жоғары танымалдылығын ескере отырып жүргізілді. Ыңғайлы және қауіпсіз маршруттар жаяу серуендеу тәжірибесін жақсартуға ғана емес, сонымен қатар аймақтың табиғи байлығын көрсетуге де арналған.

Алматының таулы бағыттарын абаттандыруға жүйелі қадам туристер тарта түсетін жаңа орындарды құруға ықпал етеді. Жарқын мысалдардың бірі – инфрақұрылымды жақсарту бойынша кешенді жұмыстар аясында 2023 жылы Малыш шыңында орнатылған орындық. Малыш шыңы туристер мен табиғат әуесқойлары арасында танымал болды, бірақ бұл бағытқа қызығушылықты арттыру үшін қосымша екпін қажет болды – қазір орындық маңызды элементке айналды, нысанды туристер үшін ерекше тартымдылыққа айналдырды.

Алматы қаласының Туризм басқармасы туристер мен қала тұрғындарын қауіпсіздік шараларын сақтауға, ауа райы жағдайларын ескеруге, серуендеуге мұқият дайындалуға, сондай-ақ табиғи орта мәдениетін ұстауға шақырады. Табиғат пен қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау, тазалықты сақтау, қоқыстарды жинау және болашақ ұрпақ үшін айналдағы ландшафттардың ерекше сұлулығын сақтау қажет.

АКЦИЯ

АИТВ-ға (адам ағзасының жасушаларына енетін және оны әртүрлі инфекциялардан қорғайтын иммундық жүйені әлсірететін адамның иммунтапшылығы вирусы) өзін-өзі тестілеу енгізілген екі жылда 6 мыңнан астам алматылық осы қызметті қолданып, өздерінің АИТВ-мәртебесін анықтай алды.

АИТВ айтып келмейді

Қалада адамның иммунтапшылығы вирусын анықтап беретін тесттен тегін өтуге болады

АИТВ-ға өзін-өзі тестілеу қызметін онлайн алуға болады. Бұл әсіресе, халықтың негізгі топтарын (ер адам мен ер адамның жыныстық байланысы, есірткіні шприц арқылы тұтынатындар, трансгендерлер) тестілеумен қамтуды кеңейтудің тиімді құралы болып отыр.

Тесттен өту үшін арнайы онлайн сервисі арқылы тегін және аты-жөніңізді айтпай-ақ жасырын түрде тапсырыс беруге болады. Сондай-ақ, тесттер Алматы қаласының ЖИТС орталығында және ҰЕҰ-дарда қолжетімді. Сұрақтар туындаған жағдайда клиенттерге қолдау көрсету және кеңес беру қызметі де жұмыс істейді. Егер тест оң нәтиже берсе, ЖИТС орталығының мамандандырылған зертхана-сында қосымша тексеруден міндетті түрде өту қажет.

Өзін-өзі тестілеу – бұл жұқтыру қаупі бар кез келген адам пайдалана алатын денсаулыққа қатысты тағы бір құқық. Бүгінгі күні елімізде АИТВ-мен өмір сүретін адамдар антиретровирустық терапияны тегін алуда. Жүкті әйелдер АИТВ-ға тексеруден екі рет өте алады,

тексеру оң нәтиже бергенде емдеуді уақытылы бастап, өмірге дені сау бала әкеле алады.

Жалпы, айналасын, жақынын құрметтейтін жандар, өз денсаулығына күдіктенген жағдайда аталған тесттен өткені абзал. Себебі, өзі ауырып қана қоймай, өзгеге жұқтырып, басқаның да өмірін ауырлатпаған дұрыс.

Алматыда АИТВ-ның алдын алу, оған шалдыққан адамдарға стигма мен кемсітушілікке жол бермеу туралы білімді насихаттау мақсатында акциялар, дөңгелек үстелдер, флэшмобтар және басқа да іс-шаралар өтіп жатыр. Алматы «Қайрат» футбол клубының жанкүйерлері, бизнес-құрылымдардың қызметкерлері мен білімгерлер үшін экспресс-тестілеу акциялары жоспарлануда. «Алматы-1» темір-жол вокзалы мен халықаралық әуежайдың жолаушылары АИТВ-ның алдын алу туралы бейнероликтерді көре алады. АИТВ-мен өмір сүретін адамдар үшін дерматолог, маммолог, фтизиатр, онколог тәрізді арнайы мамандардың кеңестері ұйымдастырылуда.

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

ҚАН ҚЫСЫМЫН ҚАЛАЙ БАҚЫЛАЙМЫЗ?

Немесе тұзды, майлы тағамдарды шектеп, дұрыс тамақтанған абзал

Артериялық гипертония – жас және жынысқа бөлмей, миллиондаған адамға әсер ететін әлемдегі ең көп таралған аурулардың бірі. Алматы қалалық Кардиология орталығының кардиологы Назира Аппиеваның айтуынша, артериялық гипертония инфаркт пен инсульт сияқты ауыр патологиялардың негізі.



Үнемі болатын жоғары қысым артерия қабырғаларын ауырлатып, олардың зақымдалуына және қалыңдауына әкеліп соқтырады. Уақыт өте келе бұл жүрек пен ми сияқты өмірлік маңызды мүшелерді қамтамасыз ететін үлкен тамырлар мен артериялардың жұмысын айтарлықтай бұзады.

«Гипертонияны көбіне «үнсіз өлтіруші» деп атайды. Өйткені, ол бастапқы кезеңде асимптоматикалық болуы мүмкін. Көптеген адам ауыр асқину пайда болғанға дейін қан қысымының жоғарылағанын түсінбейді. Осылайша бұл жағдай денені біртіндеп бұзады, миокард инфарктісі мен инсульт қаупін арттырады», – дейді маман.

Артериялық гипертонияның негізгі қауіп факторына тұқым қуа-

лаушылық, жас, дұрыс тамақтанбау, жүріс-тұрысы аз өмір салты, күйзеліс, семіздік және темекі шегу мен алкоголь ішу сияқты жаман әдеттер жатады.

Көп жағдайда қысымның көтерілгені науқасқа байқалмайды. Алғашқы белгілерді қысымды тонометрмен кездейсоқ өлшеу арқылы ғана анықтауға болады.

Мына жағдайда артериялық қысымды өлшеген абзал:

– бастың әртүрлі аймағы, мәселен, артқы жағы не самай тұс батып ауырса;

– кішкентай капиллярлардың кеңеюіне байланысты бет терісінің қызаруы;

– бастағы қан ағымынан туындаған жылу сезімі.

Ал гипертонияның жиі кездесетін белгілері – бас айналу, көздің бұлдырауы, құлақтағы шуыл.

Компенсаторлық күші төмен адамда симптомдар айқынырақ болады. Жаттыққан адамда жүрек пен қан тамырлары жүктеме мен қысымның өзгеруіне дайын, сондықтан жоғарыда сипатталған шағымдар науқасты алаңдатпауы мүмкін.

Артериялық гипертониядан сақтанғыңыз келсе, үнемі жаттығу жасап, темекі шекпей, алкогольден бас тартып, қалыпты салмақты сақтап және тұзды, майлы тағамдарды шектеп, дұрыс тамақтанған абзал. Осы тұстағы маңызды аспект – күнделік жүргізіп отыру арқылы қан қысымын үнемі бақылауда ұстау. Сондай-ақ, кардиологқа жылына кемінде екі рет көріну, дәрігердің барлық тағайындауын орындау және уақытылы тексеруден өту, дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмекті қабылдау да аса маңызды қадамдар.

«Гипертониямен ауыратын адамдардың денсаулығы мен өміріне үздіксіз қауіп-қатер төніп тұрады. Сондықтан өз бетінше емделмеген абзал. Асқынып кеткен жағдайда адам инсульт немесе инфаркт алуы мүмкін. Ауырмайық, ағайын!», – дейді Назира Аппиева.

ФОРУМ

АУРУДЫ ЖАСЫРМАУ КЕРЕК

Қала жастарына ЖИТС орталығының мамандары дәріс оқыды

Алматыдағы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қолдау көрсету, АИТВ туралы білу, оның алдын алу мәселелеріне қатысты форум өтті. Іс-шара Teenenergizer, Y-PEER, Алматы қаласы ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес орталығының, «Қазақстанның болашағы үшін жастар қозғалысы» ҚБ-нің, КМПА-ның бас біріктіруімен өтті.

Алматы – жастар қаласы. Еліміздің статистика комитетінің дерегіне сүйенсек, қала халқының 30%-ға жуығы 14–29 жас

аралығындағы жастар. Сондықтан олардың арасында АИТВ туралы профилактикалық жұмыстар жүргізіп тұру маңызды. Ал бүгінгі статистика АИТВ-инфекциясының ең жоғары деңгейі халықтың ең көп шоғырланатын ірі қалаларда байқалатынын көрсетіп отыр.

Мамандар жастардың АИТВ туралы ақиқат пен жалған ақпараттарды айыра алмайтынын айтады. Әрі олардың көбісі өзінің жұқтырып алған ауруын жасырып, айтудан ұялатын көрінеді. Сондықтан бұл форумда осы жағына көбірек мән берілді.

Жастар АИТВ-на тест тапсырып, психологтық кеңес алып алды. Алматы қаласы ЖИТС орталығының медицина қызметкерлеріне сауалдарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Иә, форум аясындағы «АИТВ-мен өмір сүру: аңыздар мен шындық» симуляциялық ойыны, «АИТВ дегеніміз не? АИТВ: алдын алу және өмір сүру», «АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға психологиялық көмек көрсету» тренингтері жастарға көп мағлұмат берді. Соңында викторина өткізілді. Жеңімпаздар сыйлықтар алды.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ОМЫРТҚАНЫ ОРНЫҚТЫРҒАН OLIF

Алматылық нейрохирургтар заманауи әдісті меңгеруде

Алматы Орталық қалалық клиникалық ауруханасында OLIF (Oblique Lumbar Interbody Fusion) әдістемесі бойынша алғашқы оталар жасалды. OLIF бойынша шеберлік сабағы біздің қалада мамандарды озық әдістемеге оқыту мақсатында алғаш рет өткізілді.

Бұл инновациялық шағын инвазивті тәсіл (отаның дененің тым аз мөлшерде ғана тілініп жасалуы) омыртқа ауруларын емдеуде жаңа мүмкіндіктер ашты.

OLIF немесе «қиғаш беларалық фиксация» әдісі омыртқааралық дискілерді қалпына келтіру және омыртқаның дегенеративті өзгерісі, грыжа дискілері, спондилолистез, сколиоз және кифоз сияқты патологиялар кезінде омыртқаны орнықтыру үшін қолданылады.

Бұл заманауи әдіс ота кезінде жарақаттану қаупін айтарлықтай төмендетеді әрі ағзаның тез қалпына келуіне және науқастың оңалту кезеңін айтарлықтай оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Оталарды еліміздің жетекші нейрохирургтары – Ұлттық нейрохирургия ғылыми орталығы Жұлын нейрохирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас жұлын нейрохирургі Талғат Керімбаев пен Алматы Орталық қалалық клиникалық ауруханасының нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Марат Алматов жасады.



Сонымен қатар, оталық микроскоп пен арнайы жабдықты қолдана отырып, жұлын ісігін жою бойынша үш сәтті ота жасалды.

Марат Алматов медициналық мекемеге озық технологияны енгізудің маңызын атап өтті:

«Отандық медицина күн санап дамып келеді десек, қателеспейміз. Біздің аурухана-

да жасалған алғашқы OLIF оталары – алға жасалған маңызды қадам. Кеше ғана қимыл-қозғалысы шектеліп, қатты ауырсынумен зардап шеккен науқастар отадан кейін тез тұрып кетіп, бүгін ауруханадан үйіне шығуға дайындалып жатыр. Бұл қазіргі заманғы озық технологиялық тәсілдердің қаншалықты тиімді екенінің көрсеткіші», – дейді нейрохирург Марат Алматов.

АДАМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

МЕДИЦИНА БӘРІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ

Түзеу мекемелерінде отырғандардың да денсаулығы дәрігерлердің бақылауында

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қарасты №24 қалалық емхана 2022 жылдан бері тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде отырған адамдарға мамандандырылған медициналық, алғашқы медициналық-санитарлық, кеңестік-диагностикалық көмек көрсетіп келе жатқан мегаполистегі жалғыз медициналық ұйым.

Жалпы, Алматыда №72, №13 және №11 түзеу мекемелері қызмет етеді. Қаламыздағы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде 2000-ға жуық адам бар, олардың денсаулығын №24 қалалық емхананың мамандары үнемі бақылауда ұстайды.

Мәселен, №72 мекеменің базасында эксперт класты УДЗ аппараты, рентген-аппарат, ЭКГ аппараты, флюорограф, стоматологиялық құрылғы және дефибрилятор сынды барлық қажетті медициналық жабдықтармен жабдықталған заманауи медициналық бөлімше бар. Онда 38 қызметкер жұмыс істейді, оның 17-сі дәрігер, 21-і орта және кіші медицина қызметкері. Бұл жерде жалпы тәжірибелі дәрігер, хирург, стоматолог, гинеколог, психиатр, дерматолог, фтизиатр, невропатолог, ЛОР, эндокринолог, офтальмолог, уролог мамандар қызметі ұсынылады. Мекемеде заманауи құрылғысы бар қақырық жинайтын стерильді, диагностика нақтылығын арттыратын, жұқтыру қаупі төмен кабинет те жұмыс істейді.

Қылмыстық атқару департаменті жүйесіне қарайтын барлық түзеу мекемесінде аптасына үш рет тар ауқымды мамандар қабылдау жүргізеді. Бұдан бөлек, емхананың медицина қызметкерлері ауруларды уақытынан ерте анықтау мақсатында профилактикалық іс-шараларды, скринингтер мен диспансерлік тексерулерді де тұрақты түрде жүргізіп отырады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

«ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ АЗАМАТТАРҒА ҮЛГІ БОЛУҒА ТИІС»

Кез келген мемлекеттің тірегі – тұрақтылық, тәртіп және заң. Ал ел ішінде заң үстемдігінің орнауын тікелей қамтамасыз етіп, оның тұрақты дамуына жол ашатын қызметкерлер, бұл – тәртіп сақшылары. «Полицияда жоғары дайындықпен келген және өз ісіне шынайы берілген мамандар жұмыс істеуі қажет. Тәртіп сақшылары азаматтарға үлгі болуға тиіс», – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.



лып, Алматы университетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірді.

Бүгінгі күні талай тұрғынның алғысына бөленген қызметкер еңбек жолын Қазақстан Қарулы күштерінің қатарында бастапты.

– Еңбек жолымды 2015 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қызметінде бастадым. Бір жылдан кейін Алматы қаласы ПД ЖПҚБ жанындағы жол-патрульдік полиция полкіне полицей-тағылымдамашы ретінде ауыстым. Тағы бір жылға жуық уақыттан кейін жол-патрульдік полиция полкінің полицейі ретінде ресми жұмыс істей бастадым, – деді ол.

Жол-патрульдік полиция полкінің полицейі ретінде Айдос Болатұлы өзінің адал қызметімен көзге түседі. Ол әрдайым мемлекет мүддесін қорғап, құқығы бұзылған азаматтарға көмектеседі. Өзі де аталмыш полиция полкінде жұмыс істей жүріп, үлкен жауапкершілік пен білімді талап ететін мамандықтың қыр-сырын меңгереді.

Алматылық тәртіп сақшысының

мұндай еңбегі басшылық тарапынан да ескерусіз қалмайды. Қажетті тәжірибесі бар білікті қызметкер алдымен, Алматы қаласы Полиция департаменті Патрульдік полиция полкінің қызмет инспекторы, одан кейін осы полктің аға инспекторы лауазымдарына тағайындалады. Ал осы жылдан бастап Айдос Серік Алматы қаласы ПД Патрульдік полиция полкінің взвод командирі ретінде қызмет етіп келеді.

– Мен өз Отанымды сүйемін және оған қалтқысыз қызмет етемін. Еліміздің мүддесі мен оның қауіпсіздігін қорғау – тікелей міндетіміз. Менің қарауымдағы взводта 20-ға жуық адам бар. Біз қала аумағы мен көшелерінде тәулік бойы ауа райы мен уақытқа қарамай тәртіп сақталуын бақылаймыз. Полиция қызметкерлерінің тәртіп сақшылары деп аталуы бекер емес. Тәртіп пен заң бұзылған жерге барып, құқығы бұзылған азаматтарды қорғау біздің жұмысымыз, – деп атап өтті ол.

Алматы қаласы Полиция департаментінің мәліметіне сәйкес, бір жыл ішінде Алматы полициясы 200 мыңнан астам қоңырау мен хабарламаны өңдейді. Ал Патрульдік полиция полкінің қызметкерлері қаладағы қылмыстың 60 пайызын «ізін суытпай» ашады. Бұл көрсеткіште «еңбек адамы» атағына лайық қызметкер – Айдос Серіктің де үлесі үлкен. Ол құқық қорғау органдарында жұмыс істеп жүрген 9 жылға жуық уақыт ішінде 3 мыңнан астам қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кескен.

– Мен дәл осы мамандықты таңдағаныма ешқашан өкінген емеспін. «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды». Қызметімді атқарып жүрген осы жылдардың ішінде өз ісімнің қаншалықты абыройлы әрі маңызды екенін түсіндім. Көмегіміз тиген азаматтар әрдайым алғыс айтады, ал ол біздің ішкі сенімділігімізді арттыра түседі. Әрине, жұмысымыздың ауыр тұстары да бар. Бірақ бастысы – мен өз ісімді сүйемін және адал еңбегім арқылы отбасымды асыраймын, – деді Айдос Болатұлы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алмалы ауданының «Тен Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы құқықтық, психологиялық және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық қолдау көрсетуді жалғастыруда, қазақ және ағылшын тілдері, сондай-ақ қашықтықтан оқыту мамандықтары бойынша курстар өткізуде.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 168 А.

Телефон +7 (727) 378-88-04. Әлеуметтік желілер: tenqogam.almaly.2024 (Telegram, Instagram, Facebook).



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

НАҚТЫ СЕКТОР

Евгений МУХАМЕДЖАНОВ:

ОТАНДЫҚ ӨНІМ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗ

Біздің мақсат – әр қазақ отбасында экологиялық таза өнімдер ұсыну

Елде «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асып жатыр. Бұл бастаманың аясында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық эконауқаны жұмыс істеп келеді. Соның нәтижесінде экологиялық белсенділікке баса назар аударылды. Адамзат қай кезеңнен, қай дәуірден болсын, табиғатпен етене жақын. Тіпті, табиғат-анаға тәуелді десек, артық айтпағандық болар. Дүниежүзілік сарапшылардың пікірінше, әлемнің ең биік шыңы Гималайдың басында 1 тоннадан астам қалдық жиналған. Сонымен қатар, Арал теңізінің тұздары да Эверестен табылыпты. Демек, қоршаған ортаны таза ұстау қажет боп тұр. Алматы – тазалыққа мейлінше ден қойып келеді. Қалада түрлі эооакциялар іске асуда. Ұдайы сенбіліктер ұйымдастырылып, көше, арық бойы тазартыла бастады. Бұл жолы арнайы тазалықшылар ғана емес, әртүрлі санаттағы белсенді адамдар өз үлестерін қосып отыр. Осыған орай белгілі эколог, қоғам белсендісі Евгений МУХАМЕДЖАНОВПЕН сұхбаттасқан едік.



Мегаполиске ұқыптылық қажет

– Алматыда сіздің «Эко-хаб» орталығыңыз біраздан бері жұмыс істеп келеді. Осы жайында толығырақ айтып берсеңіз...

– Алматыда «Біз – көппіз, қала – жалғыз» деген қанатты сөздер жазылған. Шынымен де, шаһардың тазалығы басты орында тұрады. Экологиялық тазалық бәрінен маңызды. Қала бойынша шамамен 270 мыңнан астам қақпақ жиналды. Бұны жинаушы балалар болып табылады. Көбісі мұны жинап, тазалап бояп, әртүрлі бұйым жасайды. Мәселен, шырша ойыншықтары және т.б. заттар жасап шығарады. Әртүрлі оңалту орталықтарынан ерекше балаларды шақырып, түрлі кәде жасап, бұйым өндіріп, бірге қажетті заттар жасап жүрміз. Біз пластикадан жаңажылдық шырша жасап шығаруға болатынын көрсеттік. Бұл арқылы қалдықтан өнім өндіріп, кәдеге жаратуға болатынын дәлелдегіміз келеді. Орталығымызда жасалған әркілі әспетті дүниені кәде-сый ретінде Мәскеуге, АҚШ-қа дейін алып кетеді. Қытайдан тауар сатып алу қалыпты жағдай болса, Қазақстанда да қалдықты қайта өңдеу керекті іс. Бұл дегеніміз, креативті индустрия болып бағаланады. Елден туристер брелок, ойыншық, магнитті заттарды сатып алса, бірте-бірте сырт елде сұраныс тудырып қалар. Қолданылған дүниеден бұйым жасау – қазіргі тренд. Демек, біз – трендтеміз!

– Ұлттық нақышқа бейімдеп бұйым жасайсыздар ма?
– Әлбетте! Біздер «Наурыз мейрамы» қарсаңында бірнеше ойды жүзеге асырамыз. Біздің өнерлі жандар жасаған ұлттық ою-өрнектен әрқандай затқа бейнеленген шаңырақ бейнесі жасалған. Бұған көбіне-көп қақпақтарды қолданамыз. Бұған бизнес-инкубатор «MOST» компаниясы қызығушылық танытты. Енді брелоктарымызды Сингапур көрмесінде сыйға беріп, келушілерді таңдай қақтырып қояды. Сондай-ақ, «I love Almaty» деген белгі, алқа жасап шығаруға болады. Мұның барлығын қолдан жасап шығару еш қиындық тудырмайды.

Жұмысқа деген ынта болсын

– Ерікті жастарға мүмкіндік бересіздер ме?
– Иә! Бізде жастарға арналған түрлі бағдарламалар бар. Біздермен бірге қалдықтарды сұрыптау, қақпақ жинау және т.б. жұмыстар жасай алады. Экофестиваль, эооакцияда волонтерлер келеді, өз идеяларын ұсынады. Сонымен қатар, эообелсенділікке мейрамханалар мен асханалар, көңіл көтеру орындарын тартқан тиімді. Өйткені, пластикалық түрлі қалдықтар аталған орындардан көбірек шығады. Ал мұның экологиялық жағын бүгін ойлап, қалдықты сұрыптау әдісінің тиімді тұстарын қарастырайық.

Әлеуметтік желіні жиі қараймын. Ғаламторда «Алматыда 200 мың теңге айлық төлейтін жұмыс жоқ» деп жазыпты. Мен болсам, «Бізге кел, қоқыс сұрыптауға жәрдемдес те, еңбекқақыңды ал» дер едім. Бірақ қатарымызға келіп, сұрыптаумен айналысатындар аз. Еңбек етемін деген жанға жұмыс көп.

Экологиялық мәдениет қалыптасқаны жөн

– Халықтың эоомәдениетін қалай көтеруге болады?

– Әуелі қоршаған ортаға жанашырлық қажет. Өзіңнің тұрып жатқан аулаңа, сізді қоршаған табиғатқа, өзен-көлге қамқорлық жасайық. Экологияға жанашырлық деген мифологиялық ұғым-түсінік емес-ті. Бұл шынайы іске асыратын іс. Сұрыптап, ұқыпты қарап, өз ортамызға жанашырлық жасайық. Соның арқасында жер

шарын қорғап қала аламыз.

Экоәмәдениеті қалыптасқан адам ешқашан өзінің пластикасын, қолданған қолдорбасын, ішіп-жеген қалдығын тастамайды. Яғни бей-берекет жүрген-тұрған жерін шашып жүрмейді. Сонымен қоса, суды ағызып, керексіз жерге тісін жуып, қалдығын қалдырып кетпейді. Бұның бәріне мәдениетті қарап, тәрбиелі болып жүреді. Бұл қарапайым тұрғындардың мәдениетін білдіреді.

Біздің орталыққа отбасылы әйел бала-шағасымен келеді. Ол үнемі қолданылған қалдықты сұрыптап әкеледі. Осындай көрнекі әрекеті арқасында өз жаңуясына һәм айналаға үлгі-өнеге көрсетеді. Сонымен бірге, үлкен кісілер келіп «фундаментқа» қолданылған пластикалық құттыны тастап, еңбегіне сай ақы алады. Осындай қоқыс сұрыптайтын құрылғыны барша қала аумағына орналастыруды көздеп отырмыз. Міне, осындай эоомәдениеті қалыптасқан жандардың арқасында қоғамдық сана жақсы жаққа қарай өзгереді. Әуақытта экологиялық белсенділікті арттырудың тың, заманауи тетіктерін қарастырған жөн.

Әрине, қоқысты көрінген жерге тастайтындармен қатал күресуге болады. Қоғамдық орынды ластағандарды әкімшілік жазаға тарта да аламыз. Айналасын шашып жүретіндерге айыппұл толтырып, заң алдында жауапкершілікке ала бергеннен аса бір өзгеріс бола қоймайтыны анық. Одан да қоғам жауапкершілігін ұлғайтайық.

Қалдық қайта өңделуі тиіс

– Шет елде қоқыс мәселесі қалай шешілген?

– Әр елде әртүрлі. Мысалы, Германияда қоқыс тастасаңыз, айыппұл астында қаласыз. Ал Оңтүстік Корея бір реттік қолданылатын заттардан бас тартып жатыр. Сеулде KFC немесе түрлі заттар сатып алу үшін көп мәрте қолданылатын ыдыс-аяқ пайдаланылады. Дәлірек айтқанда, сіз бір сауда орнынан ауқат сатып алдыңыз, жеп болдыңыз, босаған ыдысты қайта өңдеп тазалап, айналымға енгізеді. Соның нәтижесінде қоқыс аз шығады. Бұл оң тәжірибені Францияның Париж қаласы қолдануға кірісті. Бұл да әлгінде айтқан экологиялық мәдениеттің дамуына ықпал етеді.

Еуропада 1970 жылдары қалдықты қайта өңдеу технологиясы іске аса бастады. Ал Кеңестік кезеңде қалдықтар дәл бұлай шашылмады. Босаған бөтелкені, металды өткізіп, макулатураны жинап өткізетін. Соның арқасында аз-кем қаржы табуға болатын еді ғой. Көп мәрте пайдаланатын ыдыстар, бұйымдар болатын. Қоқыс қалдықтары ішінара сұрыпталатын. Бәрі бұны қиын көреді. Айтпағым, қоқысты сұрыптап салудың, қайта өңдеудің ешқандай қиындығы жоқ.



Сұрыптау жұмысты жақсартта түседі

– Бұл істің қиындығы неде?

– Тағы шегелеп айтамын, қоқысты сұрыптаудың, одан кәделі нәрсе өндірудің еш қиындығы жоқ. Ең бастысы, қоғам «Таза Қазақстан» құруға дайын болса, атсалысса бәрі оңалады. Әрбір қоқыс орнының шашылып, қоршаған ортаны ластауы, қалдықтардың желмен көкке ұшып экологиялық ахуалды нашарлатуына тек өзіміз кінәліміз.

Күніге 50–100 адамға дейін бізге келеді. Тәжірибе алмасады, жақсы істі көреді. Мұндай «Эко-хаб» орталықтар қала бойынша 20–30 болса ғой. Сонда тұрғындар қаланың шет аудандарынан қоқысты сұрыптап салу үшін орталыққа сабылмас еді.

Қазір Алматыда қалдықтар сұрыпталып өңделеді. Сәйкесінше, эохимия, биохимиялық заттар қолданысқа енді. Бұл – «Қазақстанда жасалған» өнім. Мұны өсімдіктерге тыңайтқыш ретінде қоссаңыз болады. Үй жануарларына азық ретінде бере аласыз. Жуу, тазалау үшін де әртүрлі қоспалар шығарылуда. Ең негізгісі, отандық өнім экологиялық қауіпсіз бола алады. Осылайша өзімізде көпфункционалы заттар өндіріле бастады.

Біздің мақсат – әр қазақ отбасында экологиялық таза өнімдердің болуы. Импорт азайып, экспорт көбейсе дейміз. Мұнай мен газға сеніп отыра бермей, өзіміз өңдеуші елге айнала аламыз. Бұл үшін керекті шикізат қоры жеткілікті. Грузияның тәжірибесін алайықшы. Олар шетелдік тауарларға сұранысты азайтты. Ішкі нарықты Грузияда өндірген өнімдермен қамтамасыз етті. Біздікілер ең арзан дүниені сатып алады. Мұндайдың соңы ұлт денсаулығының нашарлауына душар етеді.

Алпауыт зауыт, фабрикалар салынғанын құптаймыз. Бірақ будақтаған түтініне сүзгі қойса, қалдықты құр босқа тастамаса, өңдейтін орындар көптеп ашылса дейміз. Сонда ғана экологиялық жағдай жақсарады. Олай етпесек, болашақ ұрпаққа қоқыс басқан жер шарын қалдырамыз.

Халық үшін еңбектенейік

– Экологиялық ахуалды қалай жақсартамыз?

– Мұның бірқатар тетіктерін айтып өттім. Біздей бай елде проблема болмауы тиіс. Түйткіл туындаса, оған жауапты сіз бен біз?! Экологиялық ахуалды жақсарту үшін 1-2 ай жеткілікті. Ол үшін 10–20 жыл күтудің қажеті жоқ. Бір ғана деталь – шетелдік көліктер әлеуметтік желі арқылы сатылады. Көліктің техникалық жағдайы онлайн түрде ватсап мессенджері арқылы өтеді? Міне, парадокс! Ендеше, қайтіп эооахуал жақсармақ. Сол себепті де, ауа ластанған. Әр өзен-көлдің маңында орналасқан өндіріске тексеру жасасак, көптеген заңсыздықты көз шалады.

Алматыда өзендер мен су арналарының маңында коттедж қалашықтары салынған. Енді ойлап қараңыз, мұның кәріз жүйесі қайда барып құятынын айтпаса да түсінікті. Өткен 30 жылда экологияға ешкім аса мән бермеді.

Бұрын Алматыға самал-жел соғуы, арықтардан таза су ағуы, ағаштардың оттегі бөлуі жігі бақыланатын. Сейсмикалық қауіпті аумақтарға 15–20 қабатты биік ғимарат салмайтын. Жер қозғалысына сай үйлер салынып, барынша қадағаланса ғой. Мәселе көп дегенше, проблеманың шешілу жолдарын қарастырайық.

Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Суреттерді түсірген С.ҚҰСАЙЫНОВ.